

Смағұл Жұмаділұлы

Тайкердің тағдыры



Смағұл Жұмаділұлы. Тайкердің тағдыры (Хикаят)

Ай жарығымен асығыс аттанған әкелі-балалы екеуі, ботасын ерткен жас інгенді бірі жетелеп, бірі айдап, ауылдан едәуір ұзап шыққасын, ауыл шетіндегі қалың бұтаның ортасына келіп тоқтады. Аттарын бір-біріне айқастырып байлап, бір бұтаға інгеннің бұйдасын іле салып, жер қазуға кірісті. Шай қайнатым уақытта белуардан келетін шұңқырды қазып болып, қанжығада байлаулы тұрған екі басы толған қоржындағы қазынасын – бабаларынан бері жалғасып, сары сандықтың түбінде сақталып келе жатқан шөке алтындары мен тай тұяқтарын құрым киізге орап, қазылған шұңқырға көміп бола салып, енесінің бауырында еміп тұрған жас ботаны сүйреп әкеліп, төрт аяғын буды да, қынынан пышағын суырып алып, мойнын орып жіберді. Бір сұмдықтың болғанын сезген жас інген бұйдасын үзе, қаны атқылап, тыпырлап, жаны шығып бара жатқан ботасын бас салып боздағанда, түнгі даланы азан-қазан қылды. Осы кезде арт жақтан ат дүбірі естіліп, шауып келген Қасеннің інісі: «Жылдамдатыңдар, жоғары ауылдан мылтық дауысы естіліп жатыр, шеріктер келіп қалды», - деді өз түкірігіне өзі шашала.

Қайта атқа қонған үшеуі, сары інгенді бастырмалата қуып алдыңғы көшке келіп жетті. Ырғалып-жырғалып сәнімен жүретін жайлау көші емес, ақ патшаның зұлымдығынан ел жерін тастап ауып бара жатқан көш. Бірі жерін қимай, бірі төркінін қимай булығып бара жатқан әйелдерге, ботасынан айырылғын інгеннің боздауы қосылып, күңірене шекараға қарай бет алды. Шекараны күзеткен солдаттармен қаша соғысып, оққа ұшқандары мен жолда ауырып қайтыс болғандардан аман қалғаны, жол торыған қалмақтардың құрсауынан әзер құтылып, бір жұмада әйгілі Аттыңтауына ат басын тіреді.

Аттыңтауына келіп қоныстанып, араға 5-6 жыл салып, әбден орнығып, ішкі-сыртқы жағдайға қаныққаннан кейін, Қасен қария баласы Мырзаға, қасына сенімді серігін ертіп, баяғы көмген дүниесін алып қайтуға әмір еткен. Мінер аттарын жаратып, бабына келді-ау деген күні Мырза, жанына барымташы Қалиды алып, жолға шықпақ болды.

Аттыңтауына келгелі аяғынан тұсау түспеген баяғы сары інген батысқа, туған жерге қарап зарлайтын да тұратын. Бұл жерге жерсіне алмады ма, содан бері қоңы бір көтерілмеген. Баяғы көз алдында бауыздалған ботадан кейін жатыры семіп, қағанағын жарған жоқ. Бүгін тұсауы шешілді. Жүргелі тұрған Мырза мен Қалиға, сары түйенің бұйдасын ұстатып жатқан әкесі: «Қазынаның қай бұтаның түбіне көмілгенін өздерің біліп таба алмассыңдар, сары інгенді еркіне қояберіңдер. Арғы жағын жануар өзі біледі», - деп ақылын айтты да, «Алла жолдарын оңғарып, аман келіңдер» деп бет сипап, бастасын берді.

Сары інгенді жетелеген қос аттылы түнде жүріп, күндіз жасырынып жатып, үш-төрт күн өткенде баяғы ата қоныстың шетіндегі қалың қарағайға

жетті. Күз енді ғана туса да жайлауда ешбір ел қалмапты. Сары түйені Қалиға тапсырып, өзі әр бұтаның түбін бір ақтарып, дәл қай жер екенін таба алмай амалсыз артқа қайтқан. Тым болмаса сол кезде белгі де қалдырмаған. Қарағайға жете түйені бос жіберіп, артынан еріп отырды. Көңілінде күдік көп. Шынымен түйе жарықтық қазына көмілген бұтаны дәл таба ма? Әлде жолдан ашығып, болдырып келе жатқан хайуан, басы ауған жаққа кетіп, қарны тойған бір жерге жата кете ме? Әкесі де 5-6 жыл бойы бұл жануарды қашып кетпесін деп көзінен таса қылмағаны тегін емес болар. Сар желісінен бір танбаған сары інген, қалың бұтаны аралап, басын жерге салып иіскеп келді де, бір бұтаның түбіне жеткенде, боздап жата кетті. Көңілдерінде үміт пен күдік араласқан екеуі, қазуды бастады. Міне, ғажап, дәл сол жер. Шамалы қазғанда-ақ күректің ұшы киізге ілінді. Топырақтың астында қаншалық жатса да, құрым киіз шірімеген, құрт-құмырсқа да жемеген, сол қалпы. Киізге оқ өтпейтініне көзі жетсе де, үлкендер айтып жүретін, қарағайды қарс айыратын жай отының да, киізге өтпейтіні рас-ау деп ойлады. Алтынға толы қоржынды аттарына бөктерген екеуі, түйені шөккен жерінен тұрғыза алмады. Қанша қинағанмен басын жерге салып, көзінен жасы мөлтілдеп жатты да қойды. Туып өскен жерін сағынғаны ма? Ботасының күйігі өртеп бара ма? Жоқ, әлде алыс жолдан шаршап келіп болдырып жатқаны ма? Белгісіз, тұрғыза алмады. Тақымына бұрау салып көрді, ақыры болмаған соң, сары түйені қалдырып, түнделетіп Аттыңтауына жол тартты.

Ілгергі заманда Қабанбай батыр, қырғыздың Әтеке батырынан кек алмаққа, Алтайдан аттанып, алыс жолдан аттары арып, осы елге әзер жетіп, болдырған аттары мен жол соғып шаршаған жігіттерін демалдыруға бірнеше күн аял қылмақ болады. Арада екі-үш күн өткенде арып келген арғымақтар құлпырып, қоң жинайды. Жердің шұрайлылығына риза болған Қабанбай батыр: «Бұл жер нағыз аттың тауы екен!» деп тамсанады. Содан бері Аттыңтауы атанған деген дерек бар. Қабанбай атын шалдырған Аршалы мен Шетенді, сарбаздары жасырынып жатқан Тесіктас деген жерлер соның куәсіндей, әлі күнге сол атпен аталып келеді.

Киелі мекен Аттыңтауы ежелден-ақ Албанның ата қонысы. 1881 жылғы Ресей патшасы мен Шин империясының келісімі тұтас жатқан қазақ даласын екіге бөліп қана қоймай, қалың елдің тағдырын да екіге айырды. Хантәңірдің бауырындағы Нарынқол-Кегеннің төменгі жалғасы, Өртеkes пен Қызылкүре, бүгінде екі мемлекет – орыс пен қытайға қатысты жер болып қалған. Хандық билік жойылып, Орыс пен Қытайдың боданына айналғалы бері, қазақтың тағдыры қалбыр үстіндегі бидәй іспетті еді. Екі адам қалбырды шайқағанда бетіндегі бидай ары бері домалайтын, бұл қалбырдың екі басын орыс пен

қытай ұстап, қазақты ары бір, бері бір домалатып діңкелеткені анық, бұның қашанға дейін жалғасары әзірге белгісіз.

Арада қырық жылға жуық уақыт өтті. Сонау жылдары баласына көмген қазынаны қайта алдырып дәурендеген Қасен қария былтырғы жылы сексеннің сеңгіріне шығып қайтыс болған. Қасен қарияның жамбасы жерге тиіп, жетісі өткесін ағайын-туыс, ел-жұрты ақылдаса келе, келер жылғы жаз айында ас беріп, бәйге шаптыратыны хабарланған. Сол уағдалы уақыт та жетті. Аттыңтауының бүлдіргені ат тұяғын бояйтын жаз, жайлау. Ас аттыныкі дегендей, хабарды естіген ат тұяғы жетер жердегі Албан-Қызай мен Көктеректегі қырғыз ағайындар, дәмелі жүйрігін жетелеп, Аттыңтауына жиналды. Құдай Қасен қарияны малмен бастан кенде қылмаған. Соның бір белгісі – анау төбе басындағы кермеде қаз-қатар тізіліп тұрған ақтыққа келген қалың жылқы. Ер адам қайтыс болғанда құдалары жылқының кекіліне, әйел адам қайтыс болса, сиырдың мүйізіне ақ байлап әкелу – бұл елдің ежелгі дәстүрі еді. Өз кіндігінен тараған тоғыз ұл мен немере құдалары, одан сырт осы әулетке құда болып келетін жалпы ел-жұрттың ақтық салып келген жүзге тарта жылқысы кермеге сыймай тұр.

Қасен қарияға өмірінің соңында серік болған қарагер жорғаны, қар кетісімен құйрық-жалын тұлдап құр жіберген. Құйрық-жалы тұлданған жылқыны, қанша жанынан кешкен ұры болса да, елдің салтын аттап өтіп арамдыққа бармайтын. Бүгін сол қарагер жорғаны жетелеп келгенде, қатын-қалаш, келіндер қауымы жоқтау айтты. Тірісінде қадіріне қаншалық жетерін кім білсін? Өлгеннен жыл сөзін аяған қазақ па? Арғы-бергіден тарихтан бастап айтылған жоқтауды естіген жандар жанарын еріксіз жаспен суарды.

Құран оқылып, бата жасалып, мал бауыздалғасын, елдің игі жақсылары, қонақтардан бөлек, оңаша тігілген ақ боз үйде ас пен ертеңгі болар аламанның жайын сөз етіп отырған. Төр алдында атақты сыншы, атбегі Әбен ақсақал. Бағанадан ешкімнің сөзіне араласпай, ашық тұрған есіктен көз ұшындағы қарлы тауға жанарын қадап, үнсіз ойға батып отырған ақсақалға, астың тізгінін ұстайтын жігіттердің бірі:

- Ақсақал, кешелі бері ойдан-қырдан жүйріктердің біразы келіп болды, қалғаны болса ертең таңға дейін келіп жетер, бәйге қалай болмақ? Осы елдің намыс үшін үкілеп қосып отырған Нүсіптің жирен қасқасы сенімімізді ақтап, абыройымызды асыра ма, әлде жиреннің алдын орап кететін жүйріктер бар ма? - деді шыдамы кетіп, бағанадан сөз тимей әзер отырған бір жігіт.

Тумысынан сабырлы Әбен ақсақал ештемені естімегендей әлі үнсіз отыр. Үй толған жұрттың көзі ақсақалда. Неге үнсіз? Әлде бір жайсыз хабар айтқалы отыр ма дегендей елендейді. Шамалы уақыттан кейін ғана жөткірініп алған қария:

- Құдай сақтапты, жирен қасқаны құдай сақтапты – деді сабырлы қалпын бұзбай баяу ғана. - Елдің тынышы тіптен кете бастады. - Кешелі бері келген жүйріктерді өзім де бақылап жүрмін, жирен қасқаның алдына әзірге түсері

жоқ, тек мынау қырғыз ағайындардан келген қарагер аттың бабы келіспепті. Бабы келіскенде алдына қара салмайтын жануар-ақ екен, әттең. Бапкері жаратудай-ақ жаратқан, қара етті жылқының майын толық айырылған-айырылмағанын білу қиын негізінде. Қарагердің кіндік тұсында бармақтай май қалыпты. Күнделікті көкпардың аты болса кемшілік ете қоймас, бірақ алысқа шабар жүйрікке бұл ауырлық болар, - деді асықпай баппен сөйлейтін қария.

- Ол майды кетіру үшін не істеу керек? – деді ат құмар жігіттердің бірі. Сұрауын сұрағанымен: «Өзіміз де ат баптап жүрміз, біле жүрейік дегенім еді», - деді өз сұрағынан өзі ыңғайсызданғандай.

- Бар, бар, әрине. Жаздай семірген малдың қыста ыңыршағы шыға арықтауының бір себебі – қарынның еркін тоймауы болса, екінші себебі – суықтың соруы. Бұл жүйрікті де бір түн суға байласа, бармақтай майды кетіру қиынға соқпас еді. Бірақ ертең бәйгеге қосылатын жүйрікке бұл тіпті де ауыр болар. Ең жақсы емі – анау таудың басындағы, - деді, көз ұшындағы мұнартып көрініп тұрған қысы-жазы басынан қар кетпейтін қарлы шыңды нұсқап, - қардан бір тақия әкеліп тартып қойса, артық майдан ештеңе қалмас еді, - деді, салалы саусақтарымен сақалын сипаған қария сөзін аяқтап.

Өшейінде ештеңеге елең етпейтін, қарияның жағдайын жасап, атын ерттеп, жанынан бір елі қалмайтын қол баласындай болып кеткен сіңбе сары шошынғандай едірейе қарады, бірақ бұны байқаған ешкім болмады. Барлығы да Нүсіптің жирен қасқасы үмітімізді ақтап, елдің абыройын асыратын болды, бәйгеге тігіліп отырған Қасен қарияның тайтұяқ алтындары да өзімізде қалатын болды деген үмітпен орындарынан тұрды. Қонақтар ортадағы ақ боз үйдің төрінде сарнап отырған бәйітші Бегдайырдың жырын тыңдауға асықты. Таңды-таңға ұрып халық жырларын жатқа айтатын бәйітші Бегдайыр ақсақал Көдек пен Шарғынның жырларын төгілтіп отырған.

Аттыңтауының ел-жұртымен ежелден аралас-құраластығы бар Көдек те, Шарғын да, осы елде болған оқиғаларды жырына қосқан. Соның бірі Құланбек пен Гүлсімхан оқиғасы. Аттыңтауында ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс болған Құланбек зәңгі, жасы алпыстан асқан шағында жолаушы келе жатып, жол бойындағы үйге ат шалдырады. Бұқаның өзі қартайғанмен мұрны қартаймас дегендей, қымызға қызара бөртіп отырған Құланбек зәңгі, сол үйдің жас бойжеткен қызының қымыз ұсынған қолын қысып жіберіпті. Ашуланған қыз ернін шығарып, намысына тиеді. Жасынан бетіне біреу тіке қарап сөйлеп көрмеген Құланбек, еліне келіп, қырық жігітін қаруландырып, ауылды шауып, қызды тартып әкеліп, тоқал етеді.

«Бұқара үйде жатып не біледі,
Атықан сиыршымен жемір еді.
Алпыс пенен жиырманы парық қылмай,
Күлсімхан Құланбектің теңі ма еді?!
Қоймаса қылықтарын бұл екеуі,

Тізесін сөйтіп жүріп кеміреді» деп басталатын ұзақ жырда, осы Аттыңтауының ел-жұрты түгел қамтылған. Бәйітші Бегдайырдың жырын тыңдап отырған ел-жұрт жаздың қысқа таңының да қалай атқанын білмей қалды. Күн шықпай бәйгеге жиылған жүйріктерді шапқан жолға қарай аттандырып жіберіп, ас қамына кірісті. Күн найза бойы көтерілгенде қонақтарға соңғы ас беріліп, Қанағат молда қоңыр даусымен ұзақ сүрені оқып, қол жайып бата қайырды. Аллаһу әкбар айтысымен әйелдер жағы тағы жоқтауға басты да, ерлер тайлы-тұяғымен бәйге төбе – Үйсін шоқының басына жиналды.

Төңіректің төрт бұрышы – бір беті – Суасу мен Ақшоқының бауырындағы Орта мыс, Шолақ мыс, Шет мыс сынды үш мыс, «Шиліөзен-Қамыс-ай» деп айтылатын халық әніндегі Шиліөзен мен Қамыстыбұлақ, енді бір беті – Шолақтерек, Көктерек, Ақдаланың жазығы, батыс баурайындағы Ұзынбұлақ, Балықсу бойы бәрі-бәрі де Үйсін шоқыдан алақандағыдай көрінетін. Шапқан жол мен Үйсін шоқының арасы – салт атты адамға күн шыққаннан бесін өте жетерлік жер. Кей бәйгелерде ат иелері қараулық жасап, озып келе жатқан жүйрікті қақпайлап, жолдан шығарып жіберетін немесе өз аттарын қайқанға келгенде қосар атпен демеп жіберетін жайлар болып тұратын. Бұл жолғы бәйгеде осындай келеңсіздердің алдын алу үшін, жол бойғы бұрылыстарға, Ой жайлаудың қабағына, Тастөбенің тұсына, Шетендінің басына, Туғанбайдың көліне екі адамнан қарауыл қойылды.

Бәйге аттарын қоя беретін жер – Шапқан жолдың төменгі ирек тұсындағы кең тұмсық. Жиылған аттар көп болғанымен, шу деп қоя бергенде бірін-бірі қақпайлап құлататындай немесе бәйгеге мінген балалардың аяғынан көтеріп, аударып кететіндей жайлардың болмауы үшін, осы жер арнайы таңдалған. Бұл аймақ жалпы Ойжайлау аталады. Үлкен жайлауға жеткенше тек өрге шабады. Ойжайлаудың қабағына жетер жерде шаншылма өр бар, қабаққа ілінген жүйрік ары қарай тоқтаусыз кете беретін жатаған жазық.

Бәйгеден аттар келгенше қыз қуар, жамбы ату, теңге ілу, бұқа тартыс, аударыспақ, күрес секілді ұлттық ойындар өтіп жатты. Басқа ойындардың барлығы бітіп, балуандар күресі, төрешінің итжығыс деген шешіміне риза болмай, соңы дауға ұласып кете жаздаған сәтте, төбе басынан аттар көрінді деген айғай шығып, елдің назары солай қарай ауды. Ойжайлаудың қабағынан жалғыз аттың қарасы көрінді. Бәрі де Нүсіптің жирен қасқасы деп даурығып жатты. Жұлдыздай аққан жалғыз атты жиынтөбені артқа тастап, қамау тастың түбіндегі қалың саз боп жататын өзекке кірді де кетті. Осы кезде өз-өзінен секем алғын Әбен ақсақал: «Акау, мынау Нүсіптің жиренқасқасы болса, жер жағдайын жақсы білетін бәйге бала өзектегі қалың сазға кірмей, бастаудың басындағы қырмен айналатын еді, әлде еті қызған жүйрік сыңар езуленіп, бас бермей кетті ме екен?» деп ойлап үлгергенше болған жоқ, тізесіне дейінгі батбақты кешіп өткен жүйрік кер жолмен Үйсін шоқыға

қарай салды. Әбен ақсақалдың күдігі расқа айналды. Нүсіптің қасқасы болғанда үстіндегі бала не Әлмерек, не Райымбек деп ұрандауы керек еді, мына баланың айғайы басқа. Осы кезде атын таныған қырғыз жағы дауыраға айғайлады. Елдің айғай шуына елірген қарагер көмбеден ағып өтіп барып, әрең тоқтады. Қалың солай қарай жапырылды. Біреудің қастығынан қорықты ма, әлде елдің тіл-көзі болады деп ойлады ма, қарагерді ортаға алған жетісегіз адам елден оңашалап, кішкене тұмсықты ары айлана бергенде, қарсы алдынан Әбен қарт кездесті. Қарагерге үнсіз көз салған Әбен қария, екі құлағының түбімен, өмілдіріктің астының ғана терлегенін көріп, «Жануардың еті енді қызған екен, бүгінгі бәйгенің аралығы бұған аз болыпты, мынау тым ұзаққа шабатын сәйгүлік екен-ау», - деп ойлады да, тіл көзім тиіп жүрер деп жерге түкірінді. Қарияның көз алмай қарап тұрғанын байқаған Қарагердің иесі, қою қара мұртты жігіт ағасы амандасқаннан кейін:

- Сіздің ақылыңызбен артық майынан бір түнде арылтқаным осы болды, - деп сыбырлады, біреу естіп қоярдай.

- Бәйгең құтты, қайырлы болсын, шырағым!, - деп жауап қатқан қария, «Ә, ит мақау, сен жеткізген екенсің-ау», - деді іштей. Әшейінде қасынан бір елді қалмайтын сіңбе Сары кешелі бері көрінбей кетіп еді, асқа келген қонақтардың аттарын жайғасып жүрген болар деп елемеген. Демек, Қырғыздың жіберген жансызы болды. Қайдан келгені белгісіз, былтыр күзде қарағай тартқан жігіттер, айдалада адасып жүрген жерінен тауып алып, ауылға ертіп келген. Тілі мақау сөйлей алмайтын сарының елін, руын, ата тегін, қайдан келгенін ешкім біле алмады. Басында қайсы үйдің шаруасы бар, сол үйге қол ұшын беріп, тамағын асырап жүрген жігітті біреулер «мылқау сары» десе, енді біреулер «сіңбе сары» атандырған. Қойдың күзем жүнін қырқып, жүн сабап, киіз басу – жайлаудан көшер алдындағы жұрттың соңғы шаруасы. Әбен қарияның қолының қысқалығын біліп, қой қырқуға көмекке келген жігіттермен ере келген сіңбе сары, содан бері Әбен қарттың үйінде қалып қойған. Айтқанын екі етпей қабағынан біліп, қолғанатына айналған сарыға Әбен қарт разы еді. «Саған бола бөлек қазан аспазпыз, біз не жесек – соны жеп, не кисек – соны киерсің, балам. Әр үйдің босағасында қазан аңдығанша, менің үйімде бола бер», - деп жаны ашыған. Әдетте тілі мақау адамның құлағы да естімейтін. Бірақ бұл сарының тілі мақау болғанмен, құлағы сақ. Бұған Әбен қарт аса мән бермеген.

Ертеде ел ішінде аңшылығымен, мергендігімен аты шыққан Торқа есімді аңшы, атып келген қасқырдың терісін, балам да осы қасқырдай жігіт болсын деген оймен, жаңадан тілі шығып былдырлап жүрген баласының үстіне жаба салыпты. Бала шошынғаннан тілін жұтып, содан бері мылқау болып қалған. Бұл сары да сондайдың бірі болар деп ойлаған. Бақсақ, бақа екен демекші, мұның жансыз болып шығарын еш қаперіне алмаған.

Аттыңтауында болатын бәйгенің дақпырты құлағына жеткен қырғыздың Шәршенбегі, аттың сырын жақсы білетін жаны сірі, тесік өкпе, осы сарыны

арнайы жансыз етіп жіберген. Әбен қарттың ат баптаудағы ел білмейтін қырларын, жүйрік таңдауын, тағы басқа қасиеттердің бәрін меңгеруді баса тапсырған. Бәйге тек жүлденің емес, елдің абыройы. Қарагер аттың кіндік тұсындағы бармақтай майды кетірудің жолын сол сәтте-ақ жеткізген. Осылай Қасен қарияның асына тігілген тайтұяқ алтындар, қырғыздың қарагерімен бірге кетсе, бәйгенің алды болады деп ел үмітін артқан Нүсіптің қасқасы шаң қауып, артта қалды.

Сіңбе сарының сатқындығын ел қайдан білсін, ел ішінде Әбен алжыпты деген сөз қалды. Намысшыл ақсақалға «Әбен алжыпты» деген сөз қатты соққы болды. Болған жайды кімге түсіндіріп жатсын? Содан бері жатса-тұрса бар ойы, қырғыздың қарагерінен озатын жүйрікті іздеп табу болды. Аттыңтауындағы жылқысынан жүйрік үзілмейді деген қыл құйрықтының бәрін аралады, бірақ ойындағысын таппады. Сонда шынымен Аттыңтауынан бір жүйріктің шықпағаны ма? Кешегі бәйгенің алдын бермейтін Байошырдың күреңі, ағаштан түйін түйген Игенбай ұстаның тобылғы торысы, Тасбастаудан қашқан қасқырды, Қобының өзеніне қуып түсіріп, үзеңгімен ұрып алатын Сәбиттің қарагері, қашқанын құтқармас Сыдықтың көкжалы бәрі де осы елдің намысын бермеген үкілі жүйріктер емес пе еді? Елдің абыройын асыратын бір жүйрік болмаса, қаптаған қалың жылқыдан не қайыр?

Бірде алыс Ақшоқыдағы құдасының ауылынан қайтып келе жатып, шөл қандырмаққа жол бойындағы үйге атының басын бұрған. Тайыншадай көк төбет аттың омырауына атылып, біресе үзеңгіге ұмтылып, мамағашқа жеткенше ығырын шығарды. Бөтен үйге келе жатып, қаңқылдатып итін ұрған әбестік болар деп ойлаған ақсақал, дауыстап белгі берсе де, үйден шығар адам болмады. Осы кезде үйдің төменгі тұсынан шоқырақтатып шауып келе жатқан адам көрінді. Қазақ салтында үйге қарай тек өлім болғанда ғана ой бауырымдап шаппаса, жай адам асығыс болса да, атының басын тартып аяңмен келетін. Есі дұрыс адам ба деп ойлап үлгергенше, әлгі адам да жетті. Далақтап жеткен, осы үйдің иесі болып шықты. Қысқа амандықтан кейін үй иесі сампылдап, көк төбетін мақтай бастады. «Мен сәл кешіккенде сізді аттан аударып кеткендей екен, үйге адам жолатпайды. Былтыр қойға шапқан қалың қасқырды жалғыз өзі бас салған», - деп аузы көпіріп, тоқтамай сарнап жатыр. Әбен ақсақалдың екі көзі анадайда, ауыздығын қарсылдата шайнап тұрған, үй иесінің сары бауыр атында. Міне ғажап, өзінің көптен іздеп таппай жүрген жүйрігін құдай айдап алдына келтіріп тұр. Ана кеуденің кеңдігін қарашы, демек жүрегі үлкен болғаны, тынысы кең, таңнан кешке дейін шапсаң да шалдықпайтын нағыз дүлдүлдің өзі. Өмірінде қанша сәйгүлікті сыннан өткізсе де, дәл мынандай бітім бұрын соңды көзіне түспеген. Анау әлі көк төбеттің жырын айтып тауысар емес. Қарияның қадала қарап тұрғанын сезді-ау, атын жетелеп келіп, ерін алмақ боп, төс тарпасын босатып жатқанда, құлағын жымырып, теппекке ыңғайланған сары бауырды қамшымен басына

салып қалды. Басына қамшы тиіп, запыс болса керек, сары бауыр басын ала қашып, тұрған орнында шыр көбелек айналды. Алыса жүріп ерін алғанда байқады, тартпаға қол тигенде құлағын жымыратындай бар екен, арқасында жауырдан бос орын жоқ. Тоқымның асынан салынған ішкілік, шоқтықтағы жауырға жабысып қалыпты, күшпен тартқанда, жауырдың беті ашылып, қанды-ірің аға бастады. Семіз күйінде жаратпай мініп, бұзып жіберсе керек, жалы сұйылып, құйрығы шолаққа айналған. Бағанадан байқамаған екен, қамшылар жағындағы тізесі шор болып қатып қалыпты. Бұны көрген Әбен ақсақал біреу үстінен мұздай су құйып жібергендей шошынды. «Қайран жануар, аяқтан құрыған екенсің-ау», - деді іштей күбірлеп. Ақсақалдың оқыс шошынғанын байқаған үй иесі әңгімені атына қарай бұрды.

- Жануарым өгіздей күшті еді. Қыстай қарағай тартатынмын. Елдің аты бір белағашты зорға әкелсе, мен қабаттап қос белағашты сүйреуші едім. Бір күні адам құшағы жетпейтін жуан қарағайдың екеуін құлатып, бұтағын сылып, мұрнын тесіп болғанша күн батуға айналды. Бұрынғы қарағай тасып жүрген жолмен айналсам, шаттан шықпай қараңғы түсетін секілді, не де болса тәуекел деп төте жолға салдым. Төте жол қысқа болғанмен, аяқ жағы құлама жартас. Сонда да несіне қорқам, атымның күшіне сеніп тұрмын. Күннің жылт еткенінен еріген қар кешкі суықпен мұз боп қатып үлгеріпті. Атымның аяғындағы ескірген қасаң таға еді. Жартастың басындағы асуға жете бергенде мұзға тайып жығылып, шаттың іші салдыр-күлдір болып, сүйреткен қарағаймен бірге құлап кетті. Қайта өзімді құдай сақтап, ептілігімнің арқасында секіріп үлгеріп аман қалдым. Шаттың етегіне түсіп, аттың өлі-тірісін білейін десем, қараңғыда айдалада жалғыз қалатын секілдімін. Мынандай құздан құлаған мал түгілі адам да аман қалмас деп ойлап, амалсыз ауылға тарттым. Ертесі қарағайға шыққан жігіттермен бірге барып көрсек, жануар тірі екен. Қарағай басып, ұзыннан түсіп жатыр. Екі белағаштан бұралған арқанды кесіп, белағаштан әзер босаттық. Қарағай соққан ба, аяғы тізеден төмен сынып, салбырап бос қалыпты. Ағаштан шана жасап, үйге әрең жеткіздік. Сынған аяғы сол күйінде қисық бітті, ақырын жүрсек, аса білінбейді. Шабысқа салса, еңіске келгенде тоңқалаң асып құлайды. Қайран жануарым-ай, күшті-ақ еді. Содан бері қарағай тартуға жарамады. Ең өкінетінім – баяғы екі ағашты үйге жеткізе алмағаным. Елге көрсетіп бір мақтанайын деп едім, болмады, - деп өкініп тұр.

Бағанадан түрі қарауытып, ызадан жарылардай болып тұрған Әбен ақсақал бетіне бажырая бір қарады да қайта атына мінді. Үйге кіріп, шай ішіңіз дегеніне де үндемеді. «Ана жауырды асқындырмай, қасқырдың бауырын тартып емде!» деп ақылын айтып, жолына түсті. «Мына салқы ауызға қор болған қайран сары бауыр-ай», - деді өкініш өзегін өртеген жатқан ақсақал.

Бабын тауып, бағын жандыратын адамына жолықпаса, қасиетті жылқы малы есектің күйін кешеді екен-ау, қаншама дүлдүл жүйрік пен жігіттің

төрелерінің обалына қалдық екен деген оймен алыса жүріп, ауылына да жетті. Содан бері қырғыздың Қарагерінен озатын жүйрік баптаймын деген ойынан біржола бас тартты.

Арада бір қыс өтті, биылғы қыс адамға да, малға да жайлы болды. Көктем ерте шығып, малдың аузы көкке ерте ілінді. Мамыражай мамыр айы туған шақ. Бұл күнде Әбен ақсақал қарағайлы сайдың аузындағы көктеуі – Шетмысқа ерте келіп қоныстанған. Қойдың жүні көтеріліп, қырқымға жараған кез. Бесін намазынан кейін бірауық ұйықтап алатын әдеті. Көктемнің шуақты күні маужыратып, көзі ұйқыға енді ілініп бара жатқан, кенет үй сыртынан шауып өткен жылқының тұяқ дүбірінен далаға атып шыққан ақсақал өз құлағына өзі сенбеді. Мынау нағыз жүйріктің тұяқ дыбысы! «Атты әкел, атты әкел!» деп айғай салды көген басында қой қырқып отырған баласына. Тау көшсе де, сабырлы қалпынан жаңылмайтын әкесінің бұндай қылығын бұрын-соңды көрмеген балалары шошынып, шынымен алжи бастаған ба деген оймен есік алдында арқандаулы тұрған тор төбелді жетелеп келді. Шыдамы бітіп, асығып тұрған қария жалаң тоқым салды да, қарағайлы сайдың ішіне қарай бес-алты жылқыны қуып бара жатқан жігіттердің артынан шаба жөнелді. Қаракүнгейдің етегіндегі бұлақтан аттарын суарып тұрған әкелі-балалы екеуі, шапанының етегі екі жаққа кетіп, далақтай шауып келе жатқан ақсақалға жамырай амандасты. Сәлемдеріне жауап қайтарғасын, бағанағы тұяғының дүбірі есінен аударып жаздаған жылқыны іздеп тұрған ақсақалдың көзі, үш-төрт аттың жанында су ішіп тұрған, көктем ерте келіп, көкке тоятын мезгіл жетсе де, әлі өлі жүнін тастамаған кер тайға түсті. Судан ұрттаған сайын басын көтеріп, айналаға елеңдеп қарай береді. Үлкен аттар әбден тістеп, жанын запыс қылса керек, жанына жақындаған жылқыдан тұмсығын кержете, тісін-тісіне ұрып сақылдата, шетке қашып шықты. Көктемде тай-құнананың құйрық жалын күзеп, таңбалап, жайлауға бірақ қоя беруші еді, бұнда оның бірі де жоқ. «Жал астында жан қалар» деген, мынаның құйрық жалын күзесе, көктемнің қарлы жаңбырында қатып өлердей, ырсиған қабырғалары санап алатындай, тыриған арық. Жаратылысы жылқы демесең, кісі қызығарлық түрі жоқ. Өзінен қарны үлкен мешел қозылар болушы еді, тура соның өзі. Бірақ сұңғыла Әбен қарт, өзіне арман болған, көптен іздеп таппай жүрген дәмелі жүйрігінің осы екенін жазбай таныды, бағанағы тұяқтың дүбірі тегін емес. Аттарын суарып болып, жолға қамданған әкелі-балалы екеуіне, енді ғана нақтап назар аударған Әбен қарт:

- Ауылды аттап өтпес болар, түс жаңа ауды, үйден түстеніп аттансандар да үлгересіңдер, аттарыңды үйге айдаңдар! – деді, екеуіне сынай қарап.

Қарияның сөзіне қарсылық көрсетпеген екеуі, шыбындап қарағайға кіріп бара жатқан аттарды қайырып, ауылға қарай жүрді. Әкелі-балалы екеуі осы ауылдың адамдары. Жасы қырыққа кеп қалған Сұлтан мен мұрты жаңа тебіндеп келе жатқан 15-16-дағы баласы еді. Әбен қарт Сұлтанның мінез-құлқына сырттай қанық. Әкесі марқұм ешкімнің ала жібін аттамаған,

адалдығынан «адал Ақан» атанған жан еді. Баласы Сұлтанға да сол әкесінің қасиеті дарыған. Тек әкесіне ұқсамайтыны, тауып сөйлейтін шешендігі, ұнамаған адамға бетің бар, жүзің бар демей, мінін бетке айтатын турашылдығы деп көп еститін. Қайбір жылы ел шөпке кетіп, жайлауда тек әйелдер мен бала-шаға қалып, Тұрар дегеннің ақ өгізінің іші кеуіп, өлуге айналып, төрт аяғын буып, бауыздағалы жатқанда, үстерінен осы Сұлтан түсіпті. Кілең бала-шаға, қатын-қалаш. Бір әйел «Тұрардың өзі жоқ, әйелі де жоқ, өгізі арам өлмесін деп сойғалы жатырмыз, азаматсың ғой, бата жаса» деп қол жайыпты. Сонда жағдайдың бәрін байқап тұрған Сұлтан қолын жайып, «Тұрар ағам әрі кетті, Балғын жеңгем бері кетті, ақ өгіздің кері кетті, аумин Аллаху әкбар!» деген екен. Осы оқиғаны естіген Әбен ақсақал разы көңілмен бір күліп алған. Ас үстінде Сұлтаннан:

- Биыл да Жылантөбеде отырсыңдар ма? – деп сұрады.

- Жоқ, ақсақал, былтырғы болған жағдайдан кейін, Жылантөбенің жыланы құтырғанын естіген боларсыз. Бұрындары Күнтөбеге келгенде, қасқа жолмен өзенге шұбап түсетін қалың жылан, өзен бойында күнге қыздырынып жатып-жатып, қайтадан келген ізіммен қаратасқа қарай кетуші еді. Кейде байқаусызда үстін басып кеткен бір-екі тұяқ малды шаққаны болмаса, көп зияны жоқ еді. Былтыр үкімет адамдары жол саламыз деп қаратасты жарғанда жыланның ордасын зақымдап, ордалы жылан адамға шапты. Қалың елдің: «Бұл жерге тиіспендер, бәлесіне біз қаламыз» дегенін тыңдамай, мұрнын шүйіріп әкірендеген немелер, екі-үш адамын шағып өлтірген соң, жұмысын тастап, тайып тұрды. Залалы елге тиді, малды баудай түсірді. Жаңағы аттардың ішіндегі жаман тайдың енесі, баяғы Сәбит ақсақалдың қашаған қарасының тұқымы еді, туғанына ай толмай, оны да шағып өлтіріп, құлыны жетім қалды. Одан сырт, жылан тиіп қырылған қой-ешкі, сиырдың санынан жаңылдық, амалсыз биыл Жаманқораны жайлап отырмыз, -деп жауабын ұзағынан қайырды.

Ә-ә, деп іштей бір демалған Әбен ақсақал Сұлтанның жүзіне біраз қарап отырды да:

- Өзіңе бір қолқа салайын деп тұрмын, үйіне шақырып, асын беріп ақысын сұрады демегейсің. Анау аттарыңның ішіндегі кер тайды маған қалдыр, орнына астымдағы тор төбелді берейін. Олқысынсаң, жылқымның ішіндегі қалағаныңды таңдап ал, - деді сөзінің аяғын ішке жұтып.

- Ойбай-ау, ақсақал, о недегеніңіз? Жаман тайын бұлдап сатып, ел қадірлеген Әбен қарттың астындағы атын аударып алыпты деген, елдің өсегіне қалсын дейсіз бе? Онсыз да аяғымен емес, аузымен жүретін мына ел не дейді? Егер шынымен қалап тұрсаңыз, анау үш-төрт аттың бірін ұстап алыңыз, өзіңізге мінгізгенім болсын!

- Көңіліңе разымын, шырағым... «Қатын алма, қайын ал, жақсы көрген жігіттің, атын алма, тайын ал», деген, сол тайыңды алсам да шексіз разымын, тегін болмасын, орнына бір қыл құйрықты берейін.

- Атай көрмеңіз, ақсақал, - деді азар да безер болған Сұлтан.

- Ее, балам-ай, несін жасырайын, бұрын атбегі Әбен ем, қазір алжыған Әбен атандым. Осы бір сөз сүйегіме өшпес таңба бола ма деп қорқып жүр ем, ат танысам, мына кер тайың сол абыройымды қайта қайыратын ат бола ма деп отырмын. Осы қарттың дегеніне жеткізетін тұлпар болсын, деген шын көңілмен беретін болсаң, алдағы алар бәйгесінің басы болсын деп ырымдап, күзге қарай бір ту бие берейін, қолымды қайтарма! Егер бұны да алмаймын десең, тайыңды өзіңе қалдырайын, - деді.

Бұдан арыға соза берсе, қарттың көңілін қалдырып алармын деп айтқанына көнді де, тайды қалдырып, аттарын айдап, жолына аттанып кете барды.

Ел ішінде сөз жата ма, «алжыған Әбен тұлпар болар деп көтерем жабағы сатып алыпты, көтеріп апарып бәйгеге қоспақ екен» деген сөз тарады. Елдің қаңқу сөзіне мән бермеген қарияның күні бойғы ермегі кері тай болды. Ертелі-кеш кемпіріне сүт қосып нан илетеді де, оны жылы суға езіп, бір жағы қарын тойғызса, бір жағы өкпесінің қуатын арттыру үшін күніне екі рет кертайға ішкізеді. Бұны ішіп қарнын тойғызғанымен, тайдың шөп жей алмай қиналып жүргенін байқап, аузын ашып қарап еді, ұры тісті көрді. Бидайдың көлеміндей ұры тіс, түнде лақтай боп кетеді дейтін бұрынғылар, қамшының сабымен ұры тісті қақты. Арада оншақты күн өтіп, ел жайлауға көшіп, бие байлады. Бие сауыла салысымен, жылы сүтті тегенеге құйып, тайға тойғанынша сіміртеді. Аз күн өткенде барып, жабағы жүнін тастап, жүні жылтырай бастады.

Бапкерлігімен қоса Әбен ақсақал шаңырақ иіп, кереге, уық жасап жасынан бұл елге ұсталығымен де мәлім болған кісі. Жасы келіп, ол кәсібінен қол үзгенімен, бұл күнде Тайкерге арнап әдейі ер шабуды қолына алған. «Алтын ерің атқа батса, алтынын ал да, отқа жақ» дегендей, жас малдың арқасына батпайтындай жайлы етіп өлшеп, қайыңнан шапқан ердің басын қаптауға кіріскен. Ердің басын қаптауға ежелгі қазақтың үлгісімен мықты болады деп, жылқының тарамысын қолданатын. Қыста соғымға сойылған жылқының тарамысын әбден кептіріп, құрғатып алғасын, тоқпақпен ұрып талқандап, түтілген жүндей майдалап алады да, ұршықпен иіріп, ескесін күнге күйіп, суға малынса да, еш шірімейтін мықты жіпке айналады. Осы іспен әбігер болып жатқан ақсақалдың ойын желі басындағы шу бұзып жіберді. Жылқы баласы болғасын, жылқыға қара тартпай тұра ма? Үйірдегі жылқыға жақындаса болғаны, кері тайды көрген көк айғыр қуатын да жүретін. Сауылған сүтті енді сіміре бергенде, қайдан келгені белгісіз, сап ете қалған долы айғыр, құлағын жымырып, мойнын ішке алып, бар екпінімен келіп соғып, кері тайды домалатып түсіріп, орнынан тұрғызбай басып шайнап жібереді. Бие саудырып жүрген жастардың құқайын елемеген көк айғыр, шуды естіп, үйден шыққан Әбен ақсақалдың айғайынан кейін ғана тісін босатып, қалған ашуымды сендерден алам дегендей, желідегі жылқыны

қуалап, қыр асып кете барды. Кер тайдың сауырына тиген азулы айғырдың тісі сауырдың қарыстай жерін орып түсіріп, екіге бөліп жіберіпті. Арқасын қан жапқан жабағыны жетелеп келген ақсақал, кемпіріне жусанның суын қайнатуға бұйырды. Тайды жығып, төрт аяғын буып болғанша, бір бұрқ етіп қайнаған жусанның суымен дерттенбеу үшін, жараның орнын жуып тазалап, құрым киізді күйдіріп қанын тоқтатты да, киіздің күлін орнына сеуіп, тарамыспен тігіп тастады. Жылқының тарамысы бір жағы мықты жіп орнына қолданса, бір жағы бөлінген етпен бірге бітіп кетеді. Тігіп болғасын, бұғының мүйізін күйдіріп, талқандап, жараның аузына септі, бұл ажыраған еттің тез бітіп жазылуына сеп. Сол күннен бастап, сақтық үшін көк айғырдың кекіліне тоқпақ байланды. Арада бір жұма өтпей, тайдың жарасы қарақотырланып жазыла бастады. Жара жазылысымен, алты жасар немересі Тасқынды мінгізіп, тайды үйретуге кірісті. Қолдан сүт ішіп, адамға жақын болып кеткен кер тай, қай бір тулап, қиқарлық таныта қойсын, бір-екі қылжақтағаны болмаса, тез бас білді. Бас білгенімен, қолтығы жазылып, бір шаба қоймады. Қанша күшегенімен, шабысы құр текіректен аспады. Құлынынан жетім қалып, күн қақты болған жануардың тері әбден қатып қалғанын сезген ақсақал барын салғанымен, кер тай бір терлемеді. Жаздың ыстық күнінде, киізден жабу жауып қанша әуре болғанымен, шып еткен тер шықпады. Бұлай тер шығара алмасын білген ақсақал, Текес өзені бойынан екі өгізге дағарлап құм артып әкеліп, кері тайға арнап оңаша үй тікті. Үй ортасына ошақ секілді етіп тас үйіп, жан жағына әкелген жұмсақ құмды тай тұяғы көмілердей етіп төсеп шықты. Үйдің айналасын қымтап, еш саңлау кірмейтіндей тұмшалағасын, есік алдында таудай болып жатқан тасжарған, қарағайдың көк бұтағы, ұшқат, шетенді араластырып бұтап, үй ортасындағы тасқа от жақты. Бір ет пісірім уақыт өткесін, қыз-қыз қайнаған сексеуілдің шоғының қызуынан, төселген құм қатты қызып, қол күйдіретей болғанда, тайды кіргізіп, құм үстімен үй ішін айналдыра жетелеуге кірісті. Үйдің ыстығымен қоса, тұяқтан өткен құмның қызуынан тайдан жіпсіп тер шыға бастады. Бірте-бірте қара терге бөккен тайдың түсі керден қараға өзгергендей күйге жетті. Үсті-басынан шүмектеп аққан терден төселген құм лай батпаққа айналғанда барып тоқтатып, үйден шығарып, жұқа жабумен жабулап көлеңкеге, терісін құрғатып суытуға қойды.

Әбен ақсақал кері таймен немересі Тасқынды бірге тәрбиелеуге кірісті. Аттың терін алу, суыту, бәйгеге жарату, жарақатын емдеу сырларын тәптіштеп түсіндіріп, құлағына құйып отырды. Әнеу күнгі құм үстімен жүргізіп, тері алынғаннан кейін екі-үш күн демалтып, барып Тасқынды қайта мінгізді. Бұл жолы Тасқын ғана емес, ақсақалдың өзі де тор төбеліне мініп, бірге шықты. Бұл алдағы үлкен бәйгелерге дайындықтың басы еді. Жалғыз шапқан ат жүйрік болмасын деп, енді кері таймен торы төбелдің жарысы басталды. Басында торы төбелдің шоқырағына ілесіп қана отыратын кер тай, еті қызып терлеп алғасын, Тасқынға бой бермей басын шұлғып, жүгенді үзе

тартып, шабыс тілейтін болды. Кер тайды торы төбелден бірде оздырып, бірде қатарластырып, бірде басын әдейі тартқызып, соңына қалдырып, мінез-құлқын бақылап жүрген атасы, еті әбден қызып, еліріп алған кер тайдың тізгінін әдейі тартқызып, жай аяңға салды. Қызды-қыздымен ауылдан едәуір ұзап кеткен екен, қайтар жолда қатарласып, тайының басына зорға ие болып келе жатқан немересіне, алдағы бәйгелерде есінде жүрсін деген ниетпен күндегі әдеті бойынша әңгіменің тізгінін ағытты.

Бұл жолы егіз торы мен құла қасқаның жарысы жайлы бастады. Ілгергі уақытта бәйге сайын жүлделі болып, алдына қара салмай жүрген бір байдың егіз торы деген екі аты болыпты, ат иесінің бапкерлігін қоса, айласы да үстем адам болса керек, қай бәйгеге болсын егіз торы екі атын жетелеп, бірге әкеледі екен. Бір айғырдың баласы ма, әйтеуі түр-сипаты бір-бірінен аумайтын егіз торыны, оған мінген байдың егіз баласын иесі болмаса, былайғы жұрттың ажыратуы қиын. Бәйгеге келген аттарды бақылап көретін егіз торының иесі, бүгінгі бәйгеде осы аттан қауіп келеді-ау деген жүйрікті балаларына көрсетіп, ымдайтын көрінеді. Әкелерінің не айтпақ болғанын ымымнан түсінген егіз ұл, шу деп бәйгеге қоя бергенде, әкесі көрсеткен атты, не алдыға оздырмай, не өздері артта қалмай қатарласып бірге шауып отырады. Едәуір уақыт өтіп, аттардан тер шығып, шабысы енді үдегенде, егіз торы қулыққа көшеді. Жарықтық жылқы малының қасиеті, бойынан жаны шықса да, алдына қара салмау. Осы аралықта егіз торыны бірі екпіндеп алдыға шықса, енді бірі тізгінді тартып атын тыныстатып отырады. Алдыға шыққан торыны жібермеймін деген жанындағы ат, өлген тірілгеніне қарамай барын салады. Бұнда ат үстінде бәйгеге мінген балаға да байланысты. Даусын қатайта: «Бәрі бәйгеге мінген балаға байланысты!» деп әңгімесін екі рет қайталаған ақсақал, жанындағы немересінің жүзіне барлай қарады. Бәйгеге мінген бала атының қандай күйде келе жатқанын, алда қанша жер бар, осы шабысымен аттың күші оған жете ме, жетпей ме, соны анық аңғара алмаса, жүйріктің обалына қалғаны. Егіз торының бәйгенің алдын бермеуінің сыры осында жатыр. Содан жаңағы егіз торының біреуімен жарысқан ат бар күшін салып шауып келе жатқанда, торы аттағы бала тізгінді тартып арттағы сыңарының жетуін күтеді. Енді бағанадан күшін сақтап келе жатқан екінші сыңары алдыға шығады да, біріншісі атын тыныстатып, тізгінді тартады. Торылармен жарысқа түскен ат егіз торының қайсысымен жарысып келе жатқанын, мына келгеннің қайсы екенін аңғара алмай, әйтеуір алдыға оздырмайын деп өршеленеді. Осындай жағдай үш-төрт рет қайталанған соң, қанша жүйрік деген жылқының да мәреге жетпей күші сарқылып, жолда қалары анық. Осы қулығымен бәйгенің алдын бермей, иесінің атағын аспандатып тұрған шақта, көрші аймақтан Жаңалықтың құла қасқасы деген жүйріктің дақпырты елдің назарын аударып бастайды. Құла қасқада қатысқан бәйгесінің алдын бермей жүрген жүйрік екен. Егіз торымен құла қасқаның иелері бір-бірінің жүйріктерінің даңқын алыстан естіп, қалайда бір жолығуды

аңсап жүреді. Ақыры, Көлсаз деген жерде бір-бірімен жолығысады. Егіз торының шабысына, айла-тәсіліне бұрыннан қанық болып жүрген құла қасқаның иесі жер жағдайымен танысам, әрі алыс жолдан келген атты бәйгеден бұрын демалтамын деген желеумен құла қасқасын жетелеп, бір жұма бұрын келеді.

Бәйгенің арақашықтығы едәуір ұзақ. Орта жолда Көлсаздың батпақты ұзын жазығы, бәйгеге шапқан аттар Көлсаздың батпақты жазығы біткенше басына дейін шығып, саздың бергі бетімен қайта артқа айналып, көш жолға түсуі керек. Жолдағы айналып шабатын батпақты жазық болмаса, аралықтың мұншалықты алыс болмайтынын сезген құла қасқаның ойына қулық енеді. Осы елге жиендігін бұлдап, бүкіл ауылдан басы артық киіз, туырлық, сырмақ, текемет жинатады. Жиеннің бір қолқасын орындамас несіне ел, екі-үш күнде қалағанын орындайды. Киіз жиналып болғасын, ауыл адамдарының ішінен аузы мықты, сыртқа сыр шашпайды ау деген екі-үш адамға ойындағысын білдіреді. Ел ұйқыға жатқан мезгілде батпақты саздың ел көзіне түсе бермейтін қалтарыс жеріне келіп, жиналған киізді саз батпақтың үстіне төсейді. Үшкір ат тұяғы батпаққа кіргенімен, жалпақ қалың киіздің түгел батып-кетпесіне көз жеткесін, құла қасқаны саздан ары-бері жетелеп өткізіп, әбден үйретеді. Кешікпей бәйге уақыты жақындап, келген аттарды бақылап жүрген егіз торының иесінің көзі бірден құла қасқада түсіп, балаларына ым қағады. Бәйге басталысымен құла қасқаны ортаға алған егіз торы, баяғы қулығына көшеді. Құлақасқаға мінген бала да, иесінің айтуы бойынша егіздерден алданғандай кейіп танытып отырады. Егіз торымен кезек-кезек жарысып келе жатқан бала, батпақты сайға жақындағанда атының басын тартқанымен ие бола алмаған сыңаймен сыңар езуленіп, алып қашқандай түр жасап, жолдан бұрыс шабады. Бұны көрген егіздер «құлығымызды асырдық» деген оймен заулап кете барады. Жолдан бұрыс кеткен құла қасқа, батпаққа төселген киіз үстімен сазды басып өтіп, көш жолға жетіп үлгереді. Бұл кезде егіз торылар саздың басына әлі жетпеген. Әлдеқашан қыр асып үлгерген құла қасқа сол шабысымен тоқталмай мәреге жетеді. Балаларынан болған жайды естіген егіз торының иесі аң-таң болып қала береді. Сөйтіп, дүбірлі бәйге құла қасқаның жеңісімен аяқталады. Мақсаты бәйгенің жүлдесі емес, ел аузында жүрген егіз торылардан атын оздырып, атағын шығару болған құла қасқаның иесі, жүлдеге тігілген қалың жылқының бірін де алмай, сол ауылға бөліп беріп, артына Жомарт Жаңалық деген атын қалдырып, еліне аттанады.

Атасы егіз торы мен құла қасқаның әңгімесін аяқтап, ойға шомып келе жатқан немересінің жүзіне зер сала қарады, бала болса да аңғарымпаз, атасының ойындағысын айтқызбай түсініп отыратын елгезек Тасқынның, әр істеген ісіне қарап риза болған атасы іштей осы күнге жеткізгеніңе сансыз шүкір деп күбірлейтін.

Бұл күбірлеудің ар жағында үлкен мән жатқан-ды. Баяғы елдің берекесі бұзылмаған шақ. Әбен үйленіп, баласы Тілеудің алты айлық болған кезі. Бейбіт елдің берекесін кетірген ақ патшаның әлегінен, ел үрке көшкен. Артынан қуып келген орыстың солдаттары оқ жаудырып, қарусыз-қалқансыз елді қырғынға ұшыратты. Оқ тигеннен аман қалғандары, етектегі қарағайды паналап әзер құтылған. Оққа ұшқан қауымның ішінде Әбеннің жас келіншегі Асыл мен омыраудағы баласы Тілеу де бар еді. Жақындарынан айырылып, күңіренген дауысты көшті бастап келе жатқан Әуесқан қарияның өктем үні тоқтатқан:

- Бәрің қырыламын демесең, зарлауды тоқтат! Өлгенді жоқтап отырсақ, аңдыған жау баспалап келіп, қырып салмасына кім кепіл? Алланың басқа салғанына көнбеске не шара? Қайраттарыңды жоғалтпай, белдеріңді бекем бу! Бұлай егіліп отырсақ, әлі қаншамыздың оққа ұшарымыз белгісіз. Ай жарығы түспей аттанамыз! Жиналыңдар!

Әуесқан қарияның айтқаны, бұл ауыл үшін жазылмаған заң, қарсы келер ешкім жоқ, іштей егілсе де дауыстарын сыртқа шығара алмай үнсіз көнді. Ер азаматтарды жинап алып, алдағы жол жағдайын түсіндірген Әуесхан қарт, төрт-бес жігітті, оққа ұшқан боздақтардың бетін жасыруға бұйырды да, қалған ел алға жылжыды. Қария жұмсаған жігіттердің ішінде, жөн білер үлкені Есбергенге ілесіп Әбен де келеді. Бағанағы жары Асылдың, оқ тиіп аттан құлаған бейнесі көз алдынан кетер емес. Жігіттерде үн жоқ, бәрінің де ішінде ауыр қайғы, үлкен өкініш. Кенет Есбергеннің «түшш!» деп белгі бергенінен бәрі тоқтады. Оқ тиіп қырылған төбенің басында қараңдаған бес-алты бейне байқалады. Ашу-ыза кернеп келе жатқан жігіттер сойылдарын қолға алып, ұмтылмақ болғанда:

- Ашуға берілеміз деп босқа қырылмақсыңдар ма? Аңдысын аңдып, сосын іс көрелік, - деді Есберген. Қыр басындағы қараңдаған бейнелер тіпті көбейе түсті. Шыдамсызданған жігіттер:

- Тәуекел, бас салайық! Өлгендерден жанымыз артық емес. Бір-екі солдатты жер жастандырып, ар жағын бірақ көрелік, - деп қызынып алған жігіттерді енді ұстап тұра алмасын сезген Есберген:

- Бірге бас салсақ, бәріміз оққа байланамыз. Жеке-жеке бөлініп қимылдайық, мүмкін болса оқ шығартпай басуға үлгерелік, - деген ақылмен алға жүре бергенде, аяқ сыбырын естіген төбе басында қараңдап жүргендер қалбаңдап ұша бастады. Жігіттер ойлаған орыстың солдаттары емес, өлексе жеп дәндеген қарға-құзғын болып шықты. Түн қараңғысында темтендеп жүріп, қайтыс болғандардың сүйектерін ер мен әйел етіп екі жерге жинады. Бет-аузын қан басқан боздақтардың қайсы ер, қайсы әйел екенін киген киімдеріне қарап ажыратпаса, кімнің кім екенін танып болмайды. Кенет, Есбергеннің «тірі, тірі!» деген күбірін естіп, барлығы жетіп келді. Шалқасынан жатқан адамды көтере бергенде, Есбергеннің қолы бір жылы денеге тиген. Бәрі де «бала, бала!» деп елеңдей қалды. Сонда барып, Әбен

жары Асыл екенін білді. Ел атқа қонғанда, бауырындағы баласы құлап қалмасын деп ұзын белбеумен Асылдың беліне мықтап байлаған, байқұс ана «өзім өлсем де, балам аман қалсын» деді ме екен? Оқ тиген жерінде шалқасынан құлапты. Кеудесінде баласы жылай-жылай үні де шықпай қалса керек. Тек кеудесінің сырылы ғана естіледі.

Асыл жары Асылмен үнсіз қоштасқан Әбен, мәйіттердің беті жасырылып болған соң, шала жансар Тілеуді алып, көшкен елдің артынан жетті. Тамақ үшін мінген аттарының бірін сойып, қазан көтеріп жатқанда, қарағай ішінде будақтап шыққан түтіннен жасырынған ел барын сезген жол торып жүрген қалмақтар қарусыз елді қапыда басып қалды. Қарсыласқан жігіттерді сойылға жығып, мінген аттары мен қатындардың жылтырақ сөлкебайларына дейін тонап, жолға түсті. Жандары аман қалғанына шүкір етіп, жаяулап алға жылжығанымен, аштық аяққа тұсау болды. Азықтары таусылып, ашыққан ел амалсыз қара суды лайлап қорек етуге мәжбүр болды. Қара су қашанғы азық болсын, аштан бұратылып, шетінен ісіне бастады. Аштықтан шырылап жылаған балалардың дауысы жан жүйенді сыздатып, бойында жүруге қуаты барлар айналадан жеуге жарарлық азық іздеп кетті. Қанша жүргені белгісіз, басы ауған жаққа сандалып келе жатқан Әбен алыстан шыққан түтінді байқады. Нар тәуекелге бел байлап, солай қарай жүре берді. Мұсылман баласы болса, аштан өлтірмес, жол торыған қалмақ болса, қолында өлмек. Басы айналып, көзі қарауытып зорға жетті, құдай оңлағанда қазақтың үйі болып шықты. Үй сыртында таяққа сүйеніп тұрған қарт кісі Әбеннің түріне қарап-ақ бар жағдайды түсінген. Үйге кіргізді де, жүк астынан бір тегене айран алып, кішкене бір қасық айранды Әбенге ұсынды. Ашығып келе жатқан адамға бір қасық айран не болсын, тағы дегендей ұмсынып еді. Әбеннің қолын кері қайтарған ақсақал тегенедегі айранды ары ысырып қойды. Бір қасықтан басқа дым татқызбады. Ішегі шұрылдаған Әбен қарттың мына қылығына түсінбей, осыншама сараң адам болар ма екен деп ойлады. Кішкенедең кейін барып, көзін жұмып мүлгіп үнсіз отырған қария айраннан екі қасық берді. Тағы үнсіздік орнады. Осылай біраз уақыт өткенде Әбеннің бетіне бажайлай қараған қария айранды алдына қойып, кесені нұсқап:

- Енді қарның жарылғанша іш, - деді.

Басында бір тегене айранды бірақ төңкерердей болған Әбен, бір кесе айранды зорға тауысып, келген бұйымтайын айтты. Дорбаға қатқан құрт пен талқан, нанды толтырып, үлкен ағаш шелекпен бір шелек айранды құйып беріп:

- Алдымен, бағана өзің ішкендей басында бір қасықтан ішкізерсің. Ашығып келе жатқандар бірден бас саламыз деп аш өзегіне түсіп, қырылып қалмасын. Іштеріңде жөн білер үлкендер бар шығар, - деп ақылын айтып, астына атын беріп аттандырды.

- Алдарында кілең қазақ ауылы. Енді аштан қырыла қоймассыңдар, аттың тізгінін түріп жібере сал, үйді өзі тауып келеді, - деді жүргелі тұрған Әбенге.

Содан бері Әбеннің өміріндегі ұмытылмас ас – ажалдан алып қалған бір қасық айран еді. Ақсақал қарттың көмегімен азда болса аштықтан құтылған ел араға апта салып, Аттыңтауына жетіп, ес жиған. Алдарынан қарсы алған ел-жұрт жол бойындағы болған әңгімені естігесін, орысқа айламыз болмаса да, қалмаққа кеткен есемізді қайырамыз деп атқа қонған. Қазақ пен қатар жатқан қалмақ арасындағы айқас әлі де толастамаған шақ. Бір-бірінің жылқысын барымталап келу – үйреншікті жағдай. Әсіресе Жетібайдың жау жүрек жігіттері қалмақтың жылқысын сан мәрте барымталап келіп, қарағайлы сайдың ішіне айдап салған. Сырттан келген адам қарағайлы сайдан жылқы таппақ түгіл, адаспай жол тауып аман шығуының өзі үлкен ерлік саналатын. Ат үстінде айсыз қараңғыда жол тауып, шу асауды қатарласып келіп, тақымдап алып кете беретін Жетібайдың жауынгерлері сан мәрте қалмақтың есін аударған. Әрине, Жетібайлар мал алуға келе жатыр деп қарап жатса, қалмақ па? Оларда шолақ мылтық пен шоқпарын дайындап, келсең келге көшкенімен, тумысынан батыр Жетібайдың жігіттеріне астар бола алмаған. Осы күнге дейін ұстатпай қашқан малын «киканы хұмыр жетібай жегір» деп тілдеп жататын. Бүгінде атқа қонған жауынгерлер қалмақтың жылқысын барымталап келіп, бәріне үлестірді. Қалмақ пен Жетібайдың жылқы барымтасы 50-жылдарға дейін жалғасып келген, кейін қытайдың жаңа үкіметі шекаралық аймаққа әскерін қапталтты да, шыбын ұшып өте алмас күйге келтірді.

Аттыңтауына жетіп, арада үш-төрт ай өткенде қайын жұртының көрші жатқан ауылға келіп аялдағанын естіген Әбен, әке-шешесімен бірге кішкене Тілеуді алып, қайын жұртына келді. Болған жайды естіген Асылдың ата-анасы мен бауырларының жоқтап жылаған дауысы құран оқылғанда барып басылды. Жылай жүріп, кезек-кезек Тілеуді қолына алған нағашылары қыздарының артында қалған ұрпағының амандығын тілеп, құрбан шалды. Тілеуді құшып, қыздарына деген сағынышын басын деген оймен екі қонды. Осы екі күнде үлкендердің оңаша күбір-күбір әңгімелері бір тыйылмады. Тағы бір мал сойылып, сол маңдағы ағайын-туыс түгел жиналған, ас желініп болған шақта, бағанадан бір ойдың жетегінде басына шығып бола алмай үнсіз отырған Асылдың әкесі, Асылдан кейінгі бойжетіп қалған қызы Жамалға:

- Қызым, саған үлкен аманат жүктеп келген құдалармен бірге аттандырғалы отырмын. Әбен бұрын жездең еді, енді өмірлік жолдасың болмақ, шырағым. Барлығы да әпкеңнің көзі болған, анау кішкене Тілеу үшін, анадан жетім қалып әлдекімге жәутеңдеп жүрмек пе? Тілеуге сенен жақын ешкім жоқ. Әпкеңнің баласы – өзіңнің балаң. Осы Тілеудің тілегін тілеп, жетімдік көрсетпей жеткізсең, құдай да разы, әпкеңнің әруағы да разы,

ата-анаң мен барша бауырлар осы шешімге келіп отырмыз, – деп сұраулы жүзбен айналасына «не айтасыңдар?! дегендей бір қарады да, - жол қамына кірісіңдер, ертең аттанасыңдар – деді.

Әкенің сөзі екі болған ба, үнсіз егіліп отырған Жамал анасының құшағына қарай құлай берген. Ертесі ауыл елі болып батасын беріп аттандырды.

Әпкесі Асылдың ұзату тойы әлі есінде. Жайлаудың қыз-қыз қайнаған шағы, отыз күн ойын, қырық күн тойы болған сәтте сіңлісі Жамалға қарата: «Сенің тойың бұдан да керемет болады» деп еді, әке дәулетіне сенген әпкесі. Енді міне, жездесінің жетегінде жетім жиенін жетелеп кетіп барады. Заманның бұлай құбыларын кім білген?

Жамалдан үш қыз сүйген Әбен бұл күнде үш рулы елмен құда болған. Әбеннің әке-шешесінің Тілеу дегенде шығарда жаны бөлек, кішкенесінен ерке өскесін бе, үй шаруасына аса ебі жоқ, ат үстінде ғана жүретін жігіт болды. Шаруаға икемсіз болса да шал-кемпір үшін қаңғыған оқтан амал қалып жігіт болғанының өзі үлкен қуаныш еді.

Жатса-тұрса құдайдан жалғызының амандығын тілеп жүргенде, ойда-жоқта жылан шағып бір ажалдан аман қалғаны бар, аңдаусызда басып кетті ме, сары жылан тобықтың тұсынан сақ еткізген. Топыраққа тойып, бойдағы уытының күшейген кезі, басында етқызуымен елемеген Тілеу, сәлден кейін басы айналып, тілі күрмеліп «жылан» «жылан» деп құлай берген. Уды у қайтарар деп уқорғасынды қайнатып ыстықтай ішкізгенімен көмек болмады, ат шаптырып емшіні алдырған, денесі бірде суып, бірде ысып, сұлық жатқан Тілеудің тамырын ұстап көрген емші, басын шайқап:

- У бойға тарап кеткен, жыланның тісі тиген жерді кесіп, уын сорып шығару керек, жұлдыз толғанға дейін шыдаса жаны аман қалар, әйтпесе... - деп сөзінің соңын аяқтай алмай төмен қарай берді.

Емшінің сөзінен тіпті шошынған ата-әжесі қалайда ажалдан аман алып қалуға жанталаса кірісті. Тілеудің төсегін дәл ортаға әкеліп, жыланның тісі тиген жерді қандауырмен кесті де, әжесі бас салып уды сора бастады, аузы толған сайын қан аралас іріңді түкіріп отыр, атасы тоқтамай құдайға жалбарына «шаңырағымның отын өшіре көрме құдай, жалғызымның жанын аман сақтай көр, орнына мені ал, баламнан айналайын, орнына мені ал» деп Тілеудің төсегін айнала берген, үлкендер аузынан тастамайтын «айналайын» деген сөздің мағынасын сонда түсінгендей болып еді Әбен. Кішкентайынан әке-шешесінің бауырында өскен Тілеуді, екі дүниенің ортасында жатқан шағында да «балам» деп айтуға әке-шешесінен бата алмаған. Тілеудің аяғындағы уды сора-сора әжесінің бет-аузы күп боп ісіп шыға келді. Кешікпей жылтыратып көзін ашқан Тілеуді құшақтап ұзақ егілген. Сөйтіп тағы бір ажалдан аман қалып еді-ау. Сол жағдайдан кейін-ақ атасы келін болар қыз іздеді, ана ауылда айттырылмаған қыз бар десе, сол үйде аты байлаулы тұратын. Бірде көрші ауылға жолаушы барып қонақ болған үйінің

бойжетіп қалған қыздарын көріп, сыр тартып, қыздарының басы бос екенін байқайды. Тете өскен екі қызға назар аударып, сынай қарап шай құйып отырған кіші қызға: «Шырағым, орныңнан тұршы» деп тұрғызып алады да, аңтарыла қарап тұрған қызға «ары-бері жүрші» деп бұйырады. Қыздың қол-аяғының жеңілдігін байқап, «нағыз Тілеуіме лайық қыз екен, осы қызды келін етіп алам» дейді. Қыз әкесін көндіріп, келін етіп түсіреді. Атасының бұл қылығына басында бәрі күлгенімен, қарттың қателеспегенін түсінді. Келіні ұлы Тілеуге қарағанда үйдің шаруасына ғана емес, мал шаруашылығына да пысық адам болып шықты. Әйел мен ердің шаруасына бірдей келініне разы болып, батасын беріп отырар еді. Алғашқы шөбересі өмірге келгенде жүрегі жарыла қуанып, есімін Аңсаған деп өзі қойған. Одан кейін де келіннің құрсағына құт қонып, төрт-бес балалы болды. «Бір баласы бардың шығар, шықпас жаны бар» деген, төрт атадан бері жалғыздық жалғасып келе жатқан Әбен қарт, үйіндегі қара борбайлардың аталаған тәтті қылығына қарап өткен күндерін есіне алып аузынан шүкіршілігін бір тастаған емес.

Немерелерінің ішінде осы Тасқынның бөгенайы бөлек. Ат тізгінін ұстайтын жасқа жетіп, атасына серік болғанына, бала болса да өзгеше ойлайтын қасиетіне қарап, дән риза. Кер таймен Тасқынды бірге тәрбиелеп жүріп, жазды да өткерді. Бір терлетіп, ащы терін алды да, күзгі алсынға еркін қоя берді. Әбен қарттың ендігі жұмысы қарабас шалғынның басын жинау болды. Күз жетіп, шөп әбден пісіп, қата бастаған мезгілде пісіп төгілгелі тұрған қарабас шалғынның басын пышақпен кесіп алып, дорбаға жинай берді. Немересі Тасқынға аттың қанын түзеу үшін ең керекті азық деп түсіндірді. Қарашаның ортасына қарай денесіне суық кірмей тұрып, кер тайды жылы қораға алып, қанын түзеп, жілік майын толтыру үшін қайнатылған бидайға қарабас шалғынның дәнін қосып, қыс бойы жемдеп шықты.

Наурыздың соңы, қар кетіп, жер аяғы кеңісімен керге қайта ер салынды. Тайдан құнан шыққан кердің бұл күнде сауыры сүйірленіп, кеудесі салқы төстеніп, тай күніндегі қағаздай жұқа тұяғы жұмырланып, толысып қалған кезі. Бірақ денесі қанша жуандаса да, бойы тай күнгі қалпынан аса қатты өсе қоймады. Әбден семірген кер құнанның жейтін жемін арпа мен сұлыға өзгертіп, етін сыртына тептіріп, қанжілік етіп бұзып алмай, қой аяңымен қатыруға кірісті. Майлы етінен әбден арылды-ау деген шақта көктеуге көшіп келісімен сары желдіруге көшті. Әбен қарттың аса мән беретіні де аттың желісі. Күн аралатып, ай бойы желдіріп, бұлшық еттері мен сіңірін қатайтып, бойындағы сары су шығып болды-ау деген кезде барып, торы төбелімен қатарластырып, қара жарысқа түсіре жүріп, батпақ терін алды. Күнге соқтырмай, ертелі-кеш қана жайылған кер құнанның көбікті тері, су тері алынып, аңқасы ашылып, тынысы кеңейіп, бабына келген шақта ел жайлауға көшіп, қырғыз жерінде өтетін бәйгенің де күні жақындады. Баяғы тайтұяқ

алтынды еншілеген қырғыздың қарагерімен бірге Торғауыттағы қалмақтың сары атының даңқы алысқа тарап жатқан. Екі жүйрік те барған жерінде бәйгенің алдын берген емес. Бірақ жолдары тоғыспай жүрді. Қырғыздың қарагерінің даңқын естіген қалмақ, қайткен күнде де сары атын қарагермен бір таластырып көрмек болып жүргенін бұрыннан еститін. Сол қалмақ сары атын алып, қырғызға келе жатыр деген хабар аттың өзінен бұрын жетті. Хабарды естіген жұрт бірі қарагер озады десе, бірі сары ат шаң қаптырады деп дауласатын да жататын.

Сары аттың даңқын естіген қырғыздың Шаршенбегі баяғы «мылқау сарыны» жіберіп, аттың сырын білмек болған, бірақ қалмақтарда сырыт көзге оңайлықпен сыр алдыра қойсын ба? Сары аттың маңына тірі пендені жолатпай, күндіз-түні күзет қойған. Барған жансызы сары аттың құнан күнінде шекаралық районға әскер әкелген машиналардың бірімен Жұлдыз жерінен әкелінгенінен басқа мардымды ештеңе біле алмай қайтты. Жұлдыз жерінен әкелінді дегенді естіген Шаршенбек өз құлағына өзі сенбегендей аңтарыла қарады. "Жұлдыз қайда, Өр текес қайда?" Жұлдыз жайлы алғаш бала күнінде, соғыста болып қайттым деген бір адамнан естігені бар. «Осыдан алты айлық алыс Жұлдыз деген жерде бір жылға жуық аялдадық, біздегідей биік тау жоқ, жері жатаған жазық сазды келеді екен. Жері былқылдақ саз болғасын ба, аттары шетінен жорға, жорғасының қаттылығы сол шапқан атқа жеткізбес, әттең, жол алыс, сол жерден тұқымдыққа бір жорғасын алдырса ғой» - деп аузының суы құрып отырғанын талай мәрте естіген. Жансыздың жөнді ештеңе біле алмадым деп кінәлі адамдай төмен қарағанына әдеттегідей зекіп боқтамағанының да бір себебі сол. Жұлдыз жері сазды болса, демек, сары аттың тұяғының тау тасқа жарамайтындығы анық. Сондықтан бәйгенің жолын өзгерту керек. Бұрынғы бәйге шабылып жүрген жер емес, ертеде ұрылар ел көзіне түспеу үшін мал айдап өтетін жылан жолға салуы керек. Жол бойы құлама жартас, ат тұяғын шалатын үшкір тастар, ит тұмсығы өтпейтін қалың шұбар, жер жағдайын білмейтін адам адасып жол таба алмас жыныс. Әрі қашықтығы бұрынғыдан екі-үш есе ұзақ. Қарагер құлынынан тау-тасты кезіп өскен осы жердің төлі, қай жерде жар, қай жерде қаптаған қой тастардың арасынан қалай өтуді жақсы біледі. Қалмақтың сары атының даңқын естіп, қаракерінен озып кете ме деп көптен ұйқысы қашып, мазасы кетіп жүрген Шаршенбектің көңілдегі түйіні шешілгендей болды. Мазасы кетпей қайтсін? Өзге аймақта алдына қара салмаған қаракерінің, өз жерінде бәйгені беріп қойғаны намыс. Тілі түгіл, діні жат қалмақтың аты алдын ораса, сүйегіне түскен қара таңба болмақ.

Қырғыздағы болар бәйгеге баратын ел-жұрттың қарасы қалың, Аттынтауынан ат мінуге жарайтын еркек кіндіктінің барлығы аттанбақ. Бірақ Әбен қарт бұл топқа қосылмақ емес. Қырғызбен екі ортада Текестің суы. Текестің суы – қанды су. Жаз келіп, су тартылды дегенмен де Қызыл мойнақ тұсындағы өткел ат бойынан асады. Бұрыннан үйренген аттарға қиын түгі

жоқ. Ал суға түсіп көрмеген кер құнаннан қауіптенген ақсақал, алыс болса да, сонау төмен күншілік жердегі бес-алтыға бөлініп, тарамданып жайылып жататын жадағай тұстан өтпек. Өткел таяз болғанымен, қырғыз жеріне жеткенше әдеттегіден екі есе жол артық басады. Жол бойы қалың шат, жыныс тоғай. Жол жағдайын жақсы білетін адам болмаса, өзгелердің адасатыны анық.

Кер құнанның бабы әбден жетіп, моншақ тері алынып болғасын, Әбен қарт Ескермеске ат шаптырған. «Айдаһар атқан Ескермес» атанған жігіт ағасындай бұл жолға қанық ешкім жоқ. Өзі аңшы Ескермес аң атып, бүркіт салып, қырғыз тауларын талай шарлаған. Қапияда бүгін жолығып, арада екі-үш жыл өткенде қайта жүздессеңіз, алғашқы кездескен күніңізді жаңылмай, жыл-ай күнін, астындағы мінген атыңның түр-түсін, ен-таңбасына дейін есіңізге салатын Ескерместің бұл қасиетіне еріксіз таңдай қағасың. Ат құлағынан арыны көрсетпейтін қалың тұманда, айсыз тас қараңғы түнде жүрген жолынан бір жаңылмайды. Әсіресе, шежіренің шебері. Қазақтың қай руын сұрасаңыз да, жілікше шағып айтып отырады.

Оның «айдахар атқан Ескермес» атануының да өз себебі бар. Ел жайлауға көшіп, қыстаудың иесіз қалған кезі еді. Астында алаяқ бәйге қара аты, иығында мылтығы, Күркілдектің бойын өрлеп келе жатады. Кенет атты адам көрінбейтіндей қалың шөптің өз-өзінен екі жаққа жапырылып, құлап келе жатқанын байқайды. Әлденеден секем алған асындағы қара ат пырылдап, тықыршып бір орнында тұрмай кетеді. Мылтығын қолына алған мерген шөптің ортасын көздеп білтені басып қалады. Сәлден кейін атын жетелеп барса, өлген жылан жатыр. Бас жағы жоқ. Оқ тиіп үзілген жерін тастап қашқан көрінеді. Қалған бөлігінің өзі екі-үш құлаш. Жуандығы кернейдей жыланды ырым бойынша тізеден жоғары көтермей, аттың құйрығына байлап, бара жатқан сапарынан орта жолда артқа қайтып, Қобыға келеді. Ат құйрығына байланып, сүйреліп келе жатқан үлкен жыланды бұрын-соңды көрмеген қалың ұйғыр айдахар деген осы деп ойлап, шұрылдап артынан үйіне бірге ере келген. Содан бері аңшы Ескермес – «Айдахар атқан Ескермес» атанған.

Немересін артына мінгестіріп, кер құнанды жетелеген Әбен қарт, аңшы Ескерместің жол бастауымен бір жағы суыт жүріспен кер құнанды шаршатып алмау, бір жағы бәйгеге шабатын жылан жолдың қыр-сырын немересіне көрсету мақсатымен елден бұрын жолға шыққан. Асықпай жүріп, жолда бір қонып, Қырғыз жеріне жетті. Бапкерлігі елге аңыз болып тараған Әбеннің тұрқы тайдай ғана құнанды бәйгеге қосуға алып келгенін көрген қырғыз жағы «қазақтар түк таппағандай бәйгеге қосуға қотыр тайын әкепті, онысы есекке ұқсайды екен» деп күлсе, қазақ жағы «шынымен алжығаныңыз ба, ауыл арасындағы текіректеп шабатын тай жарысы емес, дүбірлі додаға тай қосып бар қазақты күлкіге қалдырмақсыз ба?» деп намыстанып жатты. Елдің қаңқу сөзіне мән бермеген қарт немересіне: «Жылан жолдың

шаншылма өр мен құлдима еңіс екенін көрдің, жеткен соң өмілдірікті қысқартып, құнанның үстінен үзеңгіге шіреніп тұрып, шандыр тартпаны шаптың тұсынан мейлінше қатты тарт. Кер құнан ерін алды артқа сыпыра қоймас, сонда да сақтан. Басында елдің соңында қалып барам деп тебініп қамшы ұрушы болма, еркіне жібер. Еті қызып терлегенде басын іркіп отыр. (Көз ұшындағы биік төбені нұсқап), анау төбеге жеткенше алдыңғы аттан озушы болма. Төбеден өткенде еркіне жіберіп, жалға мықтап жабыс, екпініне шыдамай сыпырылып қалма. Ар жағын кер құнан өзі біледі», - деп батасын беріп аттандырды.

Ат айдаушылар қараңғыда жолдан адасып қалмауы үшін екінтіден өте бәйгеге қосылар сайгүліктерді алдыға салып, межелі жерге аттанды. Күн батпай жылан жолдан өткен қалың ат түнімен жүріп, жұлдыз сөнбей межелі жерге келіп жетті. Ат қоя беретін жер, тақыр күнгейдің етегіндегі кең жазық. Аз уақыт аттарды тыныстатып, ер тұрмандарын ретке келтірген соң, қосылар аттардың нақты санын түгелдеді де, жерге жарық түсе бәйгені бастап жіберді. Қалың аттың тұяғының дүбіріне, қиқулап шапқан балалардың даусы қосылып, ат тұяғынан көтерілген шаңнан кімнің озып, кімнің қалғаны белгісіз иу-қиу болды да кетті. Артқы топпен бірге тақыр күнгейдің қырынан енді асқанда, аттың алды әлдеқашан үздік создық сары беткейдің бауырына жетіп үлгергенін байқады. Дегенмен артқы топтың қарасы қалың, қамшы басып тебінген, атын қинаған ешкім жоқ. Бәрінде алыс жолдан атты шаршатып алмайын деген ой, бір қалыпты ұзақ шабыспен қара күнгейді кесіп өткенде қызарып күн де шығып келе жатты. Осы кезде артқы топтан, бір алаяқ күрең ат, суырылып алдыға шықты. Оған ілескен аттардың да екпіні күшейді. Жанынан зуылдап өтіп жатқан дүбірге елегізген кер құнан еркіме жібер дегендей тізгінді жұла тартып шабыс тілеп келеді. Дәл қазір еркіне жіберетін кез емес. Тасқынның бар ойы атасының айтқанын естен шығармау. «Әуелде еті қызып шабыс сұрағанда бірден адығынан шығармай тізгінді тарт, жылқы малы еті қызғасын желікпей қоймас, еркіне жіберсең бұрын ұзақ шабыс көрмеген жас мал күшін сарқып алар» деген. Сол айтуы бойынша басын тежеп келеді. Сол шабыспен бағана топтан озған күреңге жетті, шамасы еңісшіл жылқы болу керек, еңіске қарай еркін көсілгенімен өрге келгенде аяғына жем түскен аттай кібіртіктей береді. Қайқаңға келгенде күреңді басып озды. Бағанағыдай емес, аттардың екпіні бәсеңдей бастапты. Бірте-бірте алдыңғы топты бастаған аттарға да жетті. Топ алдында өн бойында иненің көзіндей ағы жоқ мақпал қара, жануардың жаратылысы да бөлек екен, қос құлағы алдыға шаншылып еркін тыныстап келеді. Мақпал қараға ілесіп ат тізесінен келгенімен, ағыны қатты, тау өзенін кешіп өтіп, жар қабаққа ілінді. Жар қабақтан бастап, анау биік төбе басына жеткенше ирелендеген жалғыз аяқ жылан жол. Жолдың қауіпті тұсы да шаншылма өрі де осы жер. Жолдың асты жағы құлама жартас, үсті қалың жыныс. Осыдан аман өткен аттар ғана мәреге аман сау жетпек; аяғын тасқа ұрғандары мен

болдырғаны осы маңда қалмақ. Ирек жолға түскен жүйріктер қаздай тізіліп шұбап келеді, бірінен бірі озуы мүмкін емес. Озамын деп қамшы бассан, аттар бір-бірінің тұяғын басып жазым етеді не жартастан құлап өлмек. Ирек жолға бұрын жеткені төбе басына бұрын жеткені; өзеннен өте аттарға қамшы басқаны да сол. Тік өрге екпіндеп шабудың өзі мүмкін емес, тек желе шоқырып қана отырасың. Мақпал қара – Қырғыз жерінің аты болса керек, жалғыз аяқ жолда аяғын ұрмай, қауіпті бұрылыстардан жаңылмай келеді. Қараға ілесіп, кер құнан да аман-сау төбе басына жетті. Ең алдыңғы ат осы мақпал қара деп ойлап келе жатқан Тасқын жаңылыпты. Биік төбе басынан қарсы бетте шаң көтеріп бара жатқан жеті-сегіз атты байқады. Қарсы бет жақын көрінгенімен, екі-үш қырды асып, зорға дегенде жақындады ау, әйтеуір. Қатарын бұзбай бес ат келеді, олардан екі-үш арқан бойы алда, қатарласып екі ат кетіп барады. Кейінгі бес атқа жетіп, басып озғасын, мақпал қараның терге булығып шабысынан жаңыла бастағанын байқады. Мақсатым – сені алдыңғы аттарға жеткізу болды, ар жағын өзің біл дегендей, сол арада мақпал қара да шалдығып қала берді. Алдағы екі атпен аралық бірте-бірте қысқара берді, енді ғана байқады: бірі – Қырғыздың үкілі қаракері, бірі – ел аңыз етіп айтып жүрген қалмақтың сары аты. Бір-бірін алдыға жібермей, таласып, үзеңгі қағысып қатар келеді. Таласқан екі атты көріп, есіне атасы айтқан баяғы егіз торының әңгімесі түсіп, тізгінді тартып, екі атты алдыға салып, атасы айтқан межелі төбеге де жақындады. Бұл мезгілде күнде төбеге келіп, жаздың ыстық күні жер дүниені қуыра бастаған. Төбе басына жеткенде алдан ескен қоңыр самал аттарға қайта жан бітіргендей әсер қалдырды. Осы кезде сары атты артқа тастаған қаракер суырылып алдыға шықты. Бағанадан тізгінді тарта-тарта екі қолының қары талған Тасқын тізгінді қоя беріп, тақым қысты. Төбеде еңкейісімен сары атқа да жетті. Тұлғасы есікпен төрдей, кеуделі жылқы екен, үстінде он бір-он екі жастардағы қайқы маңдай қара бала, кеудесінде жаны бар демесең, тас мүсіндей қатып қалыпты. Қатарға келген кер құнанға да, үстіндегі Тасқынға да көз қиығын салмады. Тотыққан жүзінен не қуаныштың, не өкініштің бейнесі аңғарылмайды. Тебіну не қамшы басу дегеннің бірі жоқ, сығыр көзін алысқа қадап, қимылсыз отыр. Сары аттың сауыры көбік терге шомыпты. Елдің айтып жүрген сары ат өзін өзі жаратады, арнайы терде алмай жайылып жүрген жерінен жетелеп келіп бәйгеге қосады дегені рас болса керек. Бәйгеге жаратып терін алған жүйріктен қара тер тамшыласа да, бұндай көбік тердің шықпайтыны анық. Сақпанның тасындай атырылған кер құнан сары атты басып озып, қаракерге де жетті. Ойда жоқта сап етіп, мынау қайдан жетіп келді дегендей, жақтырмай құлағын жымырған қаракер өршелене шабуға тырысты. Кері құнанның екі аттағанын бір-ақ аттардай көрінген қаракер ентелей алға ұмтылады. Енді кер құнанмен қаракердің нағыз таласы басталды. Қатарласып кең өзектен бірге өтті. Қаракер қанша озамын дегенімен, кер құнан бір қалар емес. Қатарласып келе жатқан керді бір

бұрылысқа келгенде бар екпінімен соғып, қаңғалақтатып жолдан шығарып жіберді. Аяқ астынан мұндай шабуылды күтпеген кер құнан бір сүрініп барып, бойын қайта түзеді. Абырой болғанда жығылмады. Сүрінгенде құйысқанның бір жағы үзілгенімен, ер мойнына кете қоймапты, қайта жолға түскенше қаракер қыр асып үлгерді. Қаракердің жаңағы қастығынан қауіптенген Тасқын мәреге жақын қалғанша қаракерді алдыға салып еріп отырмақ болған. Бірақ еті қызып алған кер құнан бұл жолы Тасқынға бас бермеді. Бір-екі рет басын іркіп көрді, болмады. Жүгенді жұла тартып, ауыздықты қарс-қарс шайнап келе жатқан кер құнанның тізгінін енді тартса, бір жұлқығанда екпінімен ердің басынан ұшып кетердей көрінді. Төрт аяғын тең тастап, бауырын жазып, еркін көсілген кер құнан қаптал жолға жете қаракерді қайта қуып жетті. Қаракер тағы қағып жолдан шығарып жіберер ме деп қауіптеніп келе жатқан Тасқын, қаракерде енді ондай күштің қалмағанын байқады. Қара терге шомған қаракердің танауы кере қарыстанып, қызыл танауы көрініп, тыныс алысы жиілеп, күшене шапқан сайын ендіккен даусы тұяқтың дүбірін басып келеді. Кезеңге іліне кер құнан алға оза берген, өзінен қыл құйрықтыны оздырып көрмеген қаракерге мынау өліммен тең көрінді. Не озу керек, не өкпесі күйіп өлуі керек. Сол намыспен қайта ұмтылған қаракер тұяғынан от шыға жердің шаңын аспанға көтеріп, дүлей шабысымен кері құнанды қуып жетті. Осылай бірі озса, бірі қуып жетіп, өлермендене шапқан қос жүйрік едәуір уақыттан кейін бір қырды асып, қалың елдің алдына қатарласып келіп қалды. Қара терге булыққан қаракердің үстіндегі бала қамшының алақанына байланған шытпен атының көзін сүртіп әлек. «Жүйріктен жүйрік озса, төрт аяғы тыпырлайды» деген, қанша сұрткенімен аққан тер көзіне құйылып, басын еріктен тыс сілкіген қаракердің денесінің бұраңдап өзіне бағынбай келе жатқанын қу жүрегі сезіп келеді. Мәреге екі-үш арқан жер қалған, қалың елдің құлақ тұндырар айғай-шуы анық естіледі. Елдің айғайы бойына қайта қуат бітіргендей болып, құлағын бірде алға, бірде артқа кезек-кезек қайшылап, желді қақ жарып оқша атылған құнанның екпініне шыдамаған Тасқын көзінен жас парлап, жалға абысып жата қалды. Қаракерден тұмсығы, бірте-бірте мойны оза берді. Міне, екі қадам, үш қадам артқа тастап, мәрені кесіп өтті. Кер құнаннан бір шылбыр кейін қалған қаракер мәреге жетіп, жер сүзе құлады да, басын зорға көтеріп, бір кісінеп барып жан үзді. Екі жүйріктің өлермендене таласқан бейнесіне қарап тұрған жұрт, қаракер жарыстан емес, намыстан өлді деп шулады.

Сәлден кейін сары ат, сүт пісірім уақыттан кейін мақпал қара жетті. Алыс жолдан өкпесі күйіп, жолда қалды ма әлде жылан жолдың бір күдірінде құлап өлді ме, белгісіз, басқа келген ат болмады. Бұл өңірде дәл бұндай алыс аралыққа ат шапқанды көрмек түгіл, бұрын естімеген. Таң бозарғаннан түске дейін тоқтамай шабуға аттың аты ғана шыдайтыны анық. Бұл бәйгеге жүзден аса ат шапқанымен, тоғыз-ақ атқа жүлде тігілген, қалған бес аттың жүлдесі Қырғыздың өзінде қалды.

Бәйгеден озып келген кер құнанның шабысына риза болған ел сол күннен бастап тұлғасына қарап Тайкер атандырды. Қырғыз жерінде балуаны жығып, аты озған ел-жұрттың көңілі желпініп, Әбен қартты ортаға ала Аттыңтауына аттанды. Жол бойы масаттанып, кеу-кеулеген елдің әңгімесіне көңіл аудармаған Әбен қарттың қабағы бір ашылмады. Бәйге сайын озып келген аттың шабысын, атты жаратудағы бапкердің еңбегін сөз етіп отыратын қарт бұл жолы үнсіз, құлағынан Қырғыздың қаракерінің мәреге жетіп жан үзер сәттегі кісінегені бір кетпей, көңілі әлденеден секем алғандай күрсіне берді. Сол тұнжыраған қалпы Аттыңтауына да жетті. Бұл күнде Тайкердің шабысы мың түрленіп, шынынан өтірігі басымдау әңгімелер аңыз боп тарап жатты. Тайкердің даңқын естіген ат сүйер ел-жұрт, тұлпарды бір көруге Аттыңтауына ағыла бастады.

Қырғыз жерінен келгесін Тайкер алыс жақында болып жатқан бәйгенің ешқайсына қосылмай құр жіберілді. Неге екенін, Әбен қарттың бәйгеге енді зауқы соқпады.

Жайлаудан ертерек көшіп, күзеуде отырған күндердің бірінде, осы ауылдың тоң мінез Тоқан атанған байы, шабарманы Жақыпжанмен бірге Әбен қарттың мама ағашына ат байлады. Әшейінде қабағынан қар жауып, жан-жаққа сүзеген бұқадай алая қарайтын, қараша елдің сәлемін зорға алып, еріне ернін жыбырлататын өр көкірек Тоқан Әбен қартқа ассалаумағалейкум деп даусын көтере амандасты. Тоқанның бұл келісінің жайын, мынау өтірік күлкі араласқан зымияндығының түпкі мәнін Әбен қарт бірден аңғарған. Тоқан осы ауылдың ең бай адамы, арғы аталарына бес мың жылқы біткенін, Қобының өзенінен қалың жылқы су ішкенде өзеннің суы тоқтап қалады дейтін шын-өтірігі белгісіз әңгімені ел аңыз қылып айтады. Соншама жылқысы көп болғанымен, бәйге шауып жүлде алған, әулетінің атын шығарған бір жүйрік есігіне бітпепті. Тоқанның өзінен аумаған өр көкірек жеті ұлы бар, жиын тойда дұрыс көңіл бөлінбесе не бір жағдай ұнамаса, шуды да шығаратын сол ұлдары, біреудің дауын сатып алатын жаңжалшын шатаққұмарлар, сабан астынан ши жүгіртіп, балаларын қайрап салып отыратын Тоқанның өзі. Жаңжалшыл балаларына ұят дегенді білмейтін, байдың берген жұғындысына қарны тойғанын үлкен аброй санайтын есер Жақыпжан қосылған. Есігіне жүйрік бітпегенімен қоймай, елдің оза шапқан жүйрігін көрсе, қапысын тауып, берсе қолынан бермесе, жолынан алып жүретін. Бір қызығы, бұрын бәйге алып жүрген қанша жүйрік жылқы болса да, Тоқанның есігіне келгесін жүйріктің бағы байланып, қой қайырудан арыға бармайтын, тобан аяқ торыға айналып шыға келетін. Елдің «Тоқанның тұқымына түгел қарғыс тиген» дейтіні, әсілі, шын болса керек.

Осыдан оншақты жыл бұрын көрші ауданда Қалқыма деген жүйріктің атағы жалпақ жұртқа таралып жатқан кез еді. Ат иесі жасы келсе де үйленбей жүрген, қай жерде бәйге той болса, Қалқымасын жетелеп, ел аралап жүретін өлеңші жігіт еді. Бір тойда бір сұлу қызға көңілі түседі, ел мақтаған жігітті

қыз жақтаған, қыз да кетары болмайды. Ақыры қыздың айттырып қойған жері барлығына қарамастан бір түнде алып қашады. Қыздың айттырып қойған жігіті осы Тоқанның кенже ұлы еді. Бұл жайды естіген Тоқанның тұқымы түгел атқа мініп, қыздың әкесінің ауылын шауып, қалыңға берген малынан екі-үш есе көп жылқысын айдатып алады. Бұнымен қоймай, басымнан аттады, намысымды таптады, айттырып қойған келінімізді айдың күннің аمانында алып қашып, сүйегіме өшпес таңба салды. Елдің салтын бұзған екі қашқынды байлап алдыма алып келсін, болмаса ауылын шауып, шаңырағын ортасына түсіреміз деп сәлем айтты. Екі елдің арасы үлкен дауға айналып бара жатқасын, ел жақсылары ортаға елшілікке жүріп, ақыры келісімге келген. Келісім бойынша қыз барған жерінде қалады, жігіттің жүйрігі – Қалқыма ат шапан айыбы орнына Тоқанға берілді. Қалқымаға қолы жеткен Тоқан: «Атағымды осы ат шығарар», - деп бәйгеге қосады. Бабы келмеген тоқ жылқы шабыс барысында боқ жыны араласып, өліп тынған.

Біреудің жүйрік аты бар десе, тақымына тигенше кеңірдегінен ас өтпейтіндей көрінетін Тоқанның келісінің жайын бірден аңғаруы осы еді. Ас желініп, қонақтардың қолына су құйылып болғасын, Тоқан сөз бастады:

- Әбеке, айдағаның мың жылқы болғанымен, мінгенің бір жылқы деген. Әзірге қалың жылқымнан маңдайы жарқырап бәйгеден келер бір жүйрік шықпады. Тайкер сіздің ғана емес, осы елдің мақтаны. Мен де осы елдің бетке ұстар адамы болғасын, сізді сыйлағанымнан балаларды жұмсамай, арнайы өзім келіп отырмын. Айта отырыңыз, ақысына не сұрайсыз?

- Жоқ, Тайкер сатылмайды.

- Ойланыңыз, Әбеке, өлседе қалатын сырты түк, іші боқ хайуан ғой. Баяғыда бір байталға айырбастап алып едіңіз, мен ақысына бір қыздың қалыңын берейін, - деді Тоқан.

- Әуре болма, сатылмайды.

Бағанадан шын бейнесін өтірік күлкісіне жасырып отырған Тоқан сізден сенге көшіп:

- Б-б-бәлсінбе, - деді кекештене. Тоң мінез Тоқанның ашуланса тұтығып сөйлей алмайтынын білетін Жақыпжан сөзге араласты:

- Баяғыда ел жайлаудан көшкенде жүк артатын өгіз таппай, көрінгеннен көлік сұрап, табаның тілім-тілім боп елдің соңында жүретін жаманның бірі едің. Қораңа жаман тай біткелі, кеудең көтеріліп қалған екен. Байекең алам дегенін алады, - деп жағымсына Тоқанға қарады. «Баланың сөзі батпақтай, келіннің сөзі кетпектей» деп, Жақыпжанның парықсыз есер екенін бұрыннан білсе де, баласындай адамнан орынсыз сөз естіген қарт күйіп кетті де, жан баласын тілдеп көрмеген сабырлы қалпын бұзып:

- Әкең тексіз еді, сен, одан өткен тексіз екенсің! Тоқтат, былжырамай, - деді зілді дауыспен.

Өмірі біреудің айыбын бетіне басып қатты сөйлеп көрмеген, үлкенді сіз, кішіні шырағым деп еркелетіп сөйлейтін Әбен қарттан мұндайды күтпеген

Жақыпжан қанын ішіне тарта қамшысына ыңғайлана берген. Мінезі қанша тоң болғанымен, өлер жерін білетін Тоқан, Әбен қартқа қамшы тисе, Жетібайдың жігіттері жүнше түтенін ойлады. Сонда да сыр білдірмей:

- Менің көз тіккенімді алмай қоймайтынымды білесің, жақсылықпен келіп тұрғанда айтқанға көнбесең, кейін өкініп жүрерсің. Бір түнде көзден ғайып болса немесе арам өлсе, өз обалың өзіңе, - деп мінезін көрсете аттанды.

- Жанға қылсаң да, малға қылмассың, - деп қала берді Әбен қарт.

Қыс өтіп, көктем шығысымен құнаннан дөнен шықса да, Тайкер аты қалмаған жүйрігін піштіріп, қан толсын деп қоя берген.

Осы кезде ел арасында «коммуна» деген ұжым құрылады дейді. Бүкіл мал үкіметке өткізіліп, ортақ қазаннан тамақ ішіледі. Бұрынғыдай әркімнің жеке малы деген болмайды, барлығы ортақ болады» деген қаңқу сөз тарала бастаған. Ақыры сол шынға айналып, 1958 жылдың жазында халықтың бар малы үкіметке өткізілді. Ең әуелі жылқылы бай Тоқанның малы бірден санап, комунаға тапсырылды. Тоқанның малы үкіметке өтісімен, баяғы есер Жақыпжан белсенді болып шыға келді. Үкіметтің сенімді мүшесіне айналған Жақыпжан қай таудың бөктерінде кімнің орасы, қанша малы барын жіпке тізгендей етіп үкіметке тапсыртты. Көрші ауылдар алдағы күн қалай болар деген оймен 5-10 тұяғын жасырып алып қалып жатса, бұл елге Жақыпжанмен бірге зобалаң келді. Құтырған иттің көзіндей екі көзі қанталап, қайтсем үкіметтің жұғындысына тоямын деген ниетпен күні-түні шапқылаумен болды. Үкіметке Жақыпжандай қарғылы төбеттер керек-ақ еді, әйтпесе тау-таудың қуысын мекендеген қазақтың, қорасында қанша малы барын айдаладағы қытай қайдан білсін? Жақыпжандай итінің арқасында қалың елдің қорасы жылан жалағандай күйге жетті. Жақыпжанға қарсы шығып, қол көтерген жігіттердің көбі үкіметтің саясатына қарсы шықты деген желеумен абақтыға айдалды. Не бір асыл азаматтардың түбіне Жақыпжан жетті. Әркімнің есігінің алдында ат ойнатқан зұлым, шайға деп сауып отырған жалғыз ешкіге дейін қалдырмады, қатындардың қазан-ошағына дейін тіміскілеп, дорбадағы етті көрсе, үкіметтің саясатына қарсы шығып, бір тұяқ болса да өзімде қалсын деп сойып жедіндер деп бәле шығаратын болды. Құдайдан қорық деген үлкендердің сөзіне:

- Қане, сенген құдайларың, көрсетші көзіме! Құдай деген жоқ, құдай деген мына үкімет, - деп әумесерленді. Жақыпжанның сөзінен шошып, астапыраллалап жағасын ұстаған халық, бала-шағаның аузынан жырып әкеткен адал асым түбіңе жетсін деген сынды қарғысты жаудырды. Қалың елдің қарғысы оңдырсын ба? Көппен алысқан көмусіз қалар деген Жақыпжанның соңғы тағдыры, ит өлімі өз алдына бөлек әңгіме.

Тұтас жұрттың малының саны анықталғасын, қораларға қайта бөлінді. Халық иесі емес, рұқсатсыз тышқақ лақ союға құқы жоқ бақташыға айналып шыға келді.

Қара күз болып қалған кез еді. Бұл кезде Әбен қарт үкіметтің жылқысын бағатын адам болып бекітілген. Түс уақыты, алыстан жылқы қуып келе жатқан аттыларды байқап, ішіп отырған шайын жиыстыра салып есік алдына шыққан қаря, Тайкерді қуып келе жатқан Жақыпжанмен қасындағы жандайшабын көрді. Тайкердің мойнында сүйретілген қайыс арқан, өрістен ұстап кетпек болғанда айырылып, қуып келген сыңайлы. Тайкерді ұстап, маңдайынан сипап тұрғанда Жақыпжан да жетті. Аман-саулықтан ештеңе жоқ:

- Үкіметтің тапсырмасы, осыдан екі айлық алыс жерде көмір кені ашылыпты. Соған арба сүйрейтін белі жуан аттар керек, біздің ауылдан 50 ат жинауымыз керек, Тайкерің соған кетеді, - деп дүңк етті.

- Бұл арбаға жегіліп көмір таситын емес, бір елдің абыройын арқалап, намысына шапқан жүйрік емес пе? Бұдан басқа жылқы құрып қалып па еді? - дегенше болған жоқ:

- Ей, шал, айтып тұрған елдің намысы дегенің не? Бұдан былай ана елдің намысы, мына елдің намысы деген болмайды, бір ғана намыс – ол бәрімізге ортақ үкіметтің жұмысы. Енді баяғыдай бәйгеге шауып, көкпар тарту деген болмайды, оның барлығы ескінің қалдығы. Далақтап далаға шауып төккен терді үкіметтің жұмысына жұмсауымыз керек, ноқтасын тақ, асығыспыз! – деді, бүкіл тіршілік тек өз қолына қарап тұрғандай.

Жақыпжанның ішіне қатқаны былтырғы Тоқанмен болған әңгіменің бір ұшы екенін сезген қарт енді бұнымен айтысып, сөзін қор еткісі келмеді. Енді қайтып Тайкерді көре алмайтынын сезіп, тай күнінде сүтпен бағып ем, соңғы ішер асында сүт болсын деп, үйден шелекпен сүт алып шығып, алдына қойды. Сүтті түк қоймай сімірген Тайкердің жалынан бір уыс жұлып алып, езуіне тығып сілекейледі де, қораның белағашына қыстырды. Бұл қаряның «Малым кетседе берекем кетпесін, кейінгі ұрпағымның есігінен жүйрік үзілмесін» деген ырымы еді.

Бағанадан «Тайкерді бермеймін» деп ноқтасына жабысып жылап тұрған Тасқынды шетке алып, Тайкердің арқа басын сипап, құйрық-жалын тарап, маңдайынан иіскеді де, мал басындағы жіпті бермейтін ырымымен ноқтасын сыпырып, мойнындағы арқанмен ноқталап, Жақыпжанға ұстатты. Қайта-қайта артына жалтақтап қарайлаған Тайкер қырдың үстіне шыққанда, Әбен қартқа қарап арқырай кісінеді де, қыр асып кете барды. Неге екенін, Тайкердің кісінегені баяғы қырғыздың қаракерінің соңғы сәтіндегі кісінегеніне ұқсатқан қарттың жүрек тұсы шым етті.

Бұл қыс елге жайсыз болды. Қарашаның соңы қалың жаңбырлы болып, соңы күрт суып, қар басып қалды. Қар теуіп жайылған жылқы мұз боп қатқан шөптен түгел іш тастады. Баяғы берекенің кеткенінің белгісіндей көктемде құлын ермек түгілі, сай сала қырылған жылқының өлігіне толды. Жылдағыдан көктем жай шықты. Мамыр айының басында намаз үстінде қаза

болған Әбен қария аманат жанын Алласына тапсырып, өткен жұмада жамбасы жерге тиген.

Әбен қарттың жетісі өткесін көктеуге көшпек ниетте еді. Жетісі берілген күні Тасқынның: «түнде Тайкердің даусын естідім» дегеніне атын сағынып жүргенде түсіне кірген болар деп жанашырлық танытқан жұрт, жетісі тарап бейіт басына құран оқуға барған кезде Әбен қарттың бейтіне басын сүйеп өліп жатқан жылқыны көрді. Алдымен ұмтылған Тасқын: "Ата, Тайкерім!" деп бас салып, Тайкерді құшақтап өкіре жылады. Жиылған жұрт басында Тайкер екеніне сенбеген. Соншама алыстан аман келуі мүмкін емес деп ойлаған. Баяғы қара айғырдың тістегенінен қалған жамбас тұсындағы тыртықты көргенде барып көздері анық жетті. Етке толған кезінде білінбей кеткен сол тыртық, бүгін көзге алыстан шалынады. Ат арыса тулақ деген. Жануардың арықтағаны сонша, қабырғалары терісін тесіп шығардай ырсиып тұр. Құйрық-жалдан тұтам да қалмаған. Анау қызыл тұрасы көрініп, желінген тұяқтары, қаншалық алыс жолды, азапты жолды басып келгенін аңғартып тұр. Жылай-жылай даусы қарлыққан Тасқынды жұбатқан ел-жұрт құран оқып болғасын, топырағы әлі кеппеген Әбен қарттың бейтінің жанынан жер қазды. «Бестімде бәйгеге қос, келмесем басымды кес» деген тұлпардың серті бар деуші еді. Тайынан баладай мәпелеп баққан Тайкері бесті шыққан шағында бапкер Әбен қарттың жанына қатар жерленді...

2001 жылдың қара күзінде ағам қыз алып қашып келіп, әулетімізге аяқ-асты келін түсіп, қуанышқа бөлендік. Бір қызығы жас жеңгем көрші ауылда өзіммен бірге оқыған кластасым.

Қазақ салтымен құдалықтың жоралғысы жасалып, араға елші жүріп, атшапан айыптың кесімі кесіліп болғанша қыс келді. Үлкендер жағы, «ақыры құдаға беретін мал, шөпке ортақ қылмай ертерек беріп құтылайық» деген оймен қалыңмалды айдатты. Жылқы, сиыр аралас 20-дан асатын қалыңмалдың ішінде, тұяқтың орнын толтыру мақсатында жирен биенің жабағысы бірге кетті. Құдалар жағы алыстан келген бір жиеніне мініске (мініс – қалың малдан алатын үлес) деп берген малына жирен жабағы қосылып, алыс Ақшоқыға айдалып кете барады. Ақшоқы мен біздің Аттынтауының арасы атты адамға қыстыңкүні 10-12 сағаттық жол.

Үлкендер құдалыққа баратын болғасын мектептен сұранып, қыстауда малға қарап қалғанмын. Қарлы боран. Артқы сайдағы қойға шөп шашып, үсіп-жығылып үйге келсем, құдалардың ауылына екі қонып оралған үлкендер, көрген сыйы мен өлең-тамашаны жыр ғып айтып отыр екен. «Ассалаумағалейкуміме» қысқа жауап қайрды да, әңгімелерін жалғастыра берді. Сәлден кейін ғана менің үнсіз отырғанымнан бірдеменің дұрыс еместігін аңғарған ағам:

- Мал аман ба?
- Аман, жирен бие ауырып...
- Қай жирен бие?
- Торы биенің баласы.
- Оған не болды?
- Кешелі бері шөп жемей тұрған, бүгін орнынан тұра алмай қалыпты...
- Бәсе, сен қараған мал сау болушы ма еді? - деп кіналай қараған үлкендер, шайларын жиыстыра сала, қораға беттеді.

Екі көзінен жас парлап, жирен бие қимылсыз жатыр. Бас-аяғын шұқылап көріп, «аяқ-қолы сынғаннан сау» деді, әкем. Жабылып көтеріп, тұрғыза алмадық. «Ішіне зақым келген» деді кіші әкем. Ақыры әкем, кіші әкем, ағам үшеуінің шығарған қортындысы: «соққыдан іші-бауыры езіліп кеткен» болды. Нақты дәлел болмаса да жоралмалға сүйенген «бас сотшы» - әкем үкім шығарды. Айыпкер – Смағұл, кінәсі: жаңа тағаланған күрең атты мініп келіп, қораға байлап, шөп салғанда, алаңғасарланып қораның есігін жаппай, бірдемеден құры қалғандай үйге тұра жүтірген, сол аралықта жирен бие аттың шөбін жемекші болып барғанда, тағалы ат теуіп, іші-бауырын езіп жіберген. «Бас сотшының шешімін» екі інісі тура солай болған деп қостады. Үшеуінің ала көздерімен атып тұрып айтқаны: «өзіндей елдің балалары...»

Екі күн иесіз тауда, қоралы малға жалғыз қарап қалғанымның сыйы осы болды. Кінәлі болып, төмен қарап мен тұрмын, жирен биенің көзіне қарап тұрды да: «мал болмайды, бүгін жай болып кетті, арам өлтіргенше ертең сойып тастайық» деді әкем. Кешкі ас үстіндегі әңгіме тек мен жайлы болды. 15-ке келсемде істің ығын білмейтінім, атты дұрыс мінбейтінім, аяғымды дұрыс алып жүрмейтінім, қысқасы адам болмайтыным анық болып, ұйқыға кеттік.

Ерте оянып мал жөндеуге шықсақ, алыс Ақшоқыға кеткен жирен жабағымыз енесі жатқан қораны айнала кісінеп, жан таппай жүр. Өз көзімізге өзіміз зорға сендік. Үлкен жылқы болса бір жөн, әлі жасқа толмаған жабағының сонау Ақшоқыдан қашып келуі дегенің сұмдық жайт қой. Жабағыға жанымыз ашып, енесінің қасына кіргіздік те, малды жөндеп болып, өзіміз де ертеңгі шайға отырдық. Менің адам болмайтыныма тағы біраз дәлелдер айтылар деп қауіптеніп ем, бұл жолы олай болмады. Жирен биені союуға асығып, тез-тез ішілген таңғы шәй үстінде, тек жабағының жол бойы ешкімге ұсталмай қашып келгені, жирен биенің енесі торы биенің құлынын қасқырға бермейтіндігі, малымыздың өсуіне де осы тор биенің үлесінің көптігі сынды мақтаулар айтылып, қашып келген жабағының орнына басқа жылқы беретін болып келісіп, мал көзінше пышақ қайрамайтын ырыммен үйден пышақты өткірлеп, арқан-жібімізді алып, қораға келіп, есік ашқанда мүлде күтпеген оқиғаның куәсі болдық. Орнынан тұра алмай жатқан жирен бие есік ашылысымен жабағысын ертіп, бастауға қарай желіп бара жатты. Жиреннің артынан қарап тұрып әкемнің бар айтқаны: «Жануар құлынын

аңсап, дерттеніп кеткен екен ғой» болды. Жирен биенің жабағысын сағынып іші-бауыры езілгенін, күрең ат тепті болып өзімнің орынсыз кінәлі болғанымға «дерттеніп» тұрған маған назар аударған ешкім болмай, мектепке жөнелдім. Кіші әкемнің «атты мініп бар да, жеткесін жүгенін түріп жібере сал, өзі келе береді» деген жанашырлығына үндемеген күйі жаяу тарттым.

2003 жылы жазда құнан шыққан жирен жабағыны өзім жуастып, жаздай қойға міндім де, күзде Алматыға аттандым. Содан кейін жиренді көрмедім.

Аттыңтауына бармағалы да 10 жылдан асты, жиі түсіме кіреді.

Алыста аңсап, сағыну ма екен себебі,

Түсіме қазыр туған жер ылғи енеді.

Қайқая мініп, қара жорғаның үстінде,

Қой қайтарып жүрген кездерім келеді...

Сарбастаудың қырынан (Нарынқол) Аттыңтауы бұлдырап көрінеді, екі ортада шекара. Туған жерін аңсап, бір түнде жетіп келер жирен жабағы менен көрі бақытты-ау...

Смағұл Жұмаділұлы
Argymaq.kz